



ЖЫЛ САЙЫН 90  
МЫҢНАН АСТАМ  
ЖҮРЕККЕ ОПЕРАЦИЯ  
ЖАСАЛАДЫ

2-бет



ҚҰТҚАРУ  
ҚЫЗМЕТІНЕ  
ЗАМАНАУИ  
АППАРАТ  
БАЙЛАНЫСЫ ҚАЖЕТ

3-бет



ПОЧЕМУ НАУРЫЗ В  
КАЗАХСТАНЕ  
ОТМЕЧАЮТ  
10 ДНЕЙ

13-бет

# ҚАЗАҚ ҮНІ 25 ЖЫЛ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni@mail.ru

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№12-13 (1193-1194) 30.03.2026

## ҚАЗАҚ ЕЛІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚАШАНҒЫ НӨЛ БОЛАДЫ?!



Мемлекет басшысы  
Қ.Тоқаевтың «Қазақстанның  
азаматтары мемлекеттік  
тілді білуі парыз және  
міндетті» деген  
тапсырмасын орындау ең  
алдымен Мемлекеттік  
қызметкерлердің міндеті  
емес пе?! Ол үшін алдымен  
Мемлекеттік тіл туралы  
заңды қабылдау керек!

5 бет



4  
бет

## АЗАМАТТЫҚ АЛУ ҮШІН ҚАНДАСТАРДАН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ТЕСТ АЛУ ЗАҢСЫЗ!

«Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру» және «Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызметтері бойынша пилоттық жобаны іске қосу және іске асыру туралы» бұйрық құқықтық талдау нәтижесі көрсеткендей, еліміздің заңнамаларына қайшы келеді.

## КАДРЫ РЕШАЮТ ВСЁ:

ИИ, НАУКА И  
КВАЛИФИКАЦИЯ В  
МАШИНОСТРОЕНИИ



11  
бет



## МӘҢГІЛІКТІҢ МАЙДАНЫ

8  
бет

## Мемлекет басшысы Михаил Мишустинді қабылдады

ҚР Референдум жөніндегі орталық комиссиясы Жаңа Конституция бойынша республикалық референдумдағы дауыс берудің алдын ала нәтижелерін жариялады.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге жұмыс сапарымен келген Ресей Федерациясы Үкіметінің Төрағасы Михаил Мишустинді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қарым-қатынастың нығайып келе жатқаны атап өтілді. Тараптар өзара тиімді диалогтың дамуын және жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтардың жүзеге асу қарқынын талқылады.

Президенттің айтуынша, Михаил Мишустиннің Шымкент қаласында өтетін Еуразиялық үкіметаралық кеңес отырысына және Цифрлық форумға қатысуы екі ел арасындағы байланыстардың айрықша сипатын көрсетеді.

— Екіжақты экономикалық ынтымақтастық тұрақты дамып келеді. Бүгінде құны 25 миллиард долларға жуық 122 ірі жоба жүзеге асырылды. Ал сауда айналымы 30 миллиард долларға жеткенді. Ресей — Қазақстанның негізгі сауда-экономикалық әрі инвестициялық серіктестерінің бірі, — деді Мемлекет басшысы.

Кездесу барысында сондай-ақ Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің Қазақстанға алдағы мемлекеттік сапарына дайындық мәселелері қарастырылды.

Мемлекет басшысы бұл сапардың екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастарды одан әрі нығайтуға тың серпін беретін маңызды оқиға екенін атап өтті. Сонымен қатар дайындық жұмыстары аясында екіжақты ынтымақтастықтың түрлі бағыттары жан-жақты пысықталғаны айтылды.

## ҚАЗЫБЕК ИСА «БАРЫС» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамының қарсаңында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, ақын Қазыбек Иса мемлекеттік жоғары награда — «Барыс» орденімен марапатталды. Марапатты Парламенттегі салтанатты жиын барысында Мәжіліс төрағасы Ерлан Қожанов салтанатты түрде табыстап, депутаттың ел дамуына қосқан үлесін жоғары бағалады.

Қазыбек Иса бұл марапатты зор сенім мен жауапкершілік ретінде қабылдайтынын атап өтті. Оның айтуынша, жоғары награда



ел мүддесі жолындағы еңбекті абыроймен атқаруға серпін еселей түсіп, жаңа міндеттерді береді.

## «Келешек мектептері» жобасының даму бағыттары айқындалды

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова «Келешек мектептері» жобасы аясында білім беру ұйымдарының директорларымен кездесу өткізіп, сала менеджерлерінің ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Жиын барысында жобаның даму стратегиясы талқыланды.

Кездесуде білім сапасын арттыру, мектеп менеджментіне заманауи стандарттарды енгізу мәселелеріне ерекше назар аударылды. Ашық микрофон форматында өткен пікір алмасу барысында министр жобаның маңыздылығына тоқталды.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан бұл жоба жаңа білім беру моделінің негізгі іргетасына айналды. Сіздер басқарып отырған мектептер — осы жаңа жүйенің басты платформасы, — деді министр.

Сонымен қатар Жұлдыз Сүлейменова жасанды интеллект пен автоматтандыру дәуірінде білім беру жүйесінің рөлі түбегейлі өзгеріп жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, «Келешек мектептерінің» негізгі міндеттерінің бірі — халықаралық бәсекеге қабілетті түлектер даярлау.

Осыған байланысты алдағы уақытта мектеп бітірушілер тек ұлттық емтиханмен шектелмей, IELTS және SAT сияқты халықаралық стандарттарға сай білім деңгейін дәлелдеуі қажет. Бұл бағытта академиялық ағылшын тілі, сыни ойлау және аргументация дағдыларын дамытуға басымдық беріледі.

Сондай-ақ STEM және инженерлік бағыттарды дамыту мақсатында қолданыстағы 180 робототехника кабинеті мен 150 STEM-зертхана оқушылардың тәжірибелік және зерттеу дағдыларын жетілдіруге бағытталмақ.

Министр оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру мақсатында «Бір айда — бір кітап» қағидатын енгізуді ұсынды. Жоба аясында мектептерде 12 кітаптан тұратын бірыңғай тізім жасалып, оларды оқу және талқылау жоспарлануда. Бұл бастама оқушылардың дебаттық және коммуникациялық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Сонымен қатар тәрбие жұмыстары домбыра, ұлттық спорт және бейінді сыныптар қызметімен ұштасып, оқушылардың рухани әрі кәсіби дамуына жағдай жасайды.

## ЕЛІМІЗДЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ САБАҒЫ ЕНГІЗІЛДІ

Еліміздің барлық өңірлерінде 1000-ға жуық мектеп пен колледжде «Заң және тәртіп» жобасы аясында құқықтық мәдениет сабағы басталды. Бұл бастама оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған.

Жобаны кең көлемде енгізу туралы шешім Талғар ауданында жүргізілген пилоттық кезең нәтижелері негізінде қабылданды. Аталған ауданда өткен сынақ барысында оқушылар арасындағы деңгейінің төмендегені тіркелді.

Ауқымды жоба еліміздің бірқатар өңірлерін қамтып отыр. Атап айтқанда, Шымкент қаласында 100-ге жуық білім беру ұйымы, Қарағанды облысында 190-нан астам, ал Павлодар облысында шамамен 110 ұйым жобаға тартылған. Оқушылармен жұмыс жүргізу үшін құқық қорғау органдарында тәжірибесі бар 600-ден астам тәлімгер жұмылдырылған. Сабақтар екі аптада кемінде бір рет өткізіледі.

Пилоттық кезең Талғар ауданындағы 10 мектеп пен 3 колледжде жүзеге асырылып, 9 мыңнан

астам оқушыны қамтыды. Мониторинг қорытындысына сәйкес, буллинг және кибербуллинг жағдайлары 18 пайызға төмендеген. Сонымен қатар мінез-құлық тәуекелі төмен оқушылар үлесі 31,9 пайызға артса, ерекше назарды қажет ететін жасөспірімдер саны 30 пайызға азайған.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, бұл жоба «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы аясында кезең-кезеңімен республика бойынша енгізіледі. Бастама құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алудың тиімді тетіктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жоба аясында оқушылардың заңға құрметпен қарау мәдениетін қалыптасып, жауапкершілік дағдылары дамиды деп күтілуде.

## ТЕАТР КӨРЕРМЕНДЕРІНІҢ САНЫ АРТТЫ

Елде 70-тен астам театр жұмыс істейді, оның 57-сі мемлекеттік театрлар санатына жатады

27 наурыз — Дүниежүзілік театр күні аталып өтеді. Қазақстан үшін бұл мереке тек театр қызметкерлерінің кәсіби күні ғана емес, сонымен қатар театр өнерінің дамуын, көрермен қызығушылығының артуын және отандық театрлардың шығармашылық белсенділігін айшықтайтын маңызды күн болып саналады.

2025 жылы республикалық театрларда 410 жаңа қойылым премьерасы көрсетілді. Республика театрлары 539 гастрольдік сапар ұйымдастырды: 495-і Қазақстан ішінде, 44-і шетелде. Жыл бойы 16 мың қойылым сахналанып, оларды 2 832 835 көрермен тамашалады.

Министрліктің хабарламасында атап өтілгендей, театр саласының дамуы қойылымдармен ғана емес, халықаралық және республикалық фестивальдардағы табыстармен де өлшенеді. 2025 жылы қазақстандық театр қайраткерлері 101 халықаралық және 90 республикалық фестиваль мен байқауға қатысты. Нәтижесінде 13 қойылым «Гран-при» және «Ең үздік спектакль» номинациялары бойынша марапатқа ие болды. Ал 2026 жылдың бірінші тоқсанында республикалық театрларда 170 927 адам көрермен болды.

Жыл басынан бері республикалық театрларда «Қорғансыз», «Қазақи комедия немесе Бонапарттың үйленуі» және «Шолпанның күнәсі» спектакльдерінің премьералары өтті. Дүниежүзілік театр күніне орай бірқатар жаңа премьералар мен арнайы шаралар жоспарланған. Олардың қатарында «Астана Балет» театрындағы «Болеро Х», Михаил Лермонтов атындағы Театрдағы «Женитьба (совершенно невероятное свидание)» комедиясы, Құддыс Қожамияров атындағы Ұйғыр музыкалық комедия театрындағы «Бунт невесток» («Келіндер көтерілісі») спектаклі, сондай-ақ «Altyn Saqa — 2026» жаңа қойылымдар фестивалі мен Ғабит Мүсірепов атындағы театрдағы «Театр түні» шаралары бар.

## Жыл сайын 90 мыңнан астам жүрекке операция жасалады

Қазақстанда кардиохирургия саласы қарқынды дамып, жыл сайын 90 мыңнан астам жүрекке операция жасалуда. Бұл туралы ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының басқарма төрағасы Эрик Байжүнісов Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте хабарлады.

Оның айтуынша, мұндай көрсеткіштің өсуі денсаулық сақтау жүйесіндегі жүйелі реформалар мен жоғары технологиялық медицинаның дамуының нәтижесі. — 2005 жылы елімізде жылына тек 80–90 жүрек операциясы жасалса, бүгінде бұл көрсеткіш 90 мыңнан асты. Бұл — саланың сапалық жана деңгейге көтерілгенінің айқын көрінісі, — деді Э.Байжүнісов.

Саладағы жетістіктердің арқасында қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім де айтарлықтай төмендеді. Егер 2005 жылы инфаркт пен инсульт салдарынан қайтыс болғандардың үлесі 51,5% болса, қазір бұл көрсеткіш 22,5%-ға дейін азайды.

Сонымен қатар, Ұлттық ғылыми онкологиялық орталықтың ашылуы медициналық көмек сапасын арттыруға және заманауи емдеу тәсілдерін енгізуге мүмкіндік берді. — Соңғы 20 жылда қалыптасқан денсаулық сақтау моделі халықаралық талаптар мен сапа стандарттарына толық сәйкес келеді, — деп атап өтті спикер.

Айта кетейік, Үкіметтің шешімімен Қазақстанда денсаулық сақтауды дамытудың тұжырымдамасы 2029 жылға дейін ұзартылды. Құжатта қоғамдық денсаулықты нығайту, аурулардың алдын алу және халықтың өмір салтын жақсарту негізгі басымдық ретінде қарастырылған.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ – ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ДАМУ МИНИСТРІ Ж.Х.МАДИЕВ МЫРЗАҒА

# «АҚ ЖОЛ»: ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІНЕ ЗАМАНАУИ АППАРАТ БАЙЛАНЫСЫ ҚАЖЕТ

«Ақ жол» фракциясы қолжетімсіз аймақтар мен құтқару шаралары үшін жетілдірілген жасанды жер серігі байланысымен қамтамасыз етуді талап етті. Бұл туралы депутаттық сауалды ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» фракциясының мүшесі Олжас Нұралдинов жолдады.

Үкімет отырысында Президент Тоқаев көктемгі су тасқындарына толық дайын болуды тапсырды. Ол жаңа заманғы цифрлық болжау және әрекет ету құралдарын белсенді қолдану қажеттігін ерекше атап өтті.

Гидрологиялық қызметтердің болжамына сәйкес, биыл еліміздің бірқатар өңірлерінде, соның ішінде Ақмола, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Абай облыстарында айтарлықтай су тасқыны қауіп күтілуде. Ал, тасқын кезінде электрмен жабдықтау желілерінің немесе ұялы байланыстың базалық станцияларының зақымдануы елді мекендер мен жекелеген аумақтарды байланыссыз қалдыруы мүмкін.

Мұндай жағдайларда тұрақты байланысты қамтамасыз ету тек технологиялық ғана емес,

азаматтардың қауіпсіздігі мәселесіне де айналады.

Жыл сайын елімізде тұрақты байланыстың болмауы адамдарды құтқару үдерісін айтарлықтай қиындататын жағдайлар орын алады. Қыста боран мен бұрқасын салдарынан жүздеген шақырым автожолдар жабылып, адамдар елді мекендерден және ұялы байланыс тұрақты қамтылған аймақтардан шалғай жерлерде қалып қояды. Жол-көлік оқиғаларынан кейін жүргізушілер мен жолаушылар жедел жәрдем немесе полиция шақыра алмай қалатын жағдайлар да жиі кездеседі.

Әсіресе, шалғай және таулы аймақтарда байланыс мәселесі өзекті. Құтқару қызметтерінің мәліметінше, соңғы бес жылда 20 адам қаза тапқан. Сонымен қатар жыл сайын жүздеген төтенше жағдайлар мен іздестіру-құтқару операциялары тіркеледі, ал соңғы жылдары 600-ден астам турист пен демалушыға құтқарушылар көмегі көрсетілген.

«Ақ жол» демпартиясы шалғай және қолжетімсіз жерлерде станция байланысы технологияларын пайдалану қажеттілігі мәселесін бірнеше

рет көтерген еді. Тиісті депутаттық сауалдар 2021, 2022 және 2023 жылдары жолданған (ДС-326, 18.11.2021 ж., ДС-274, 30.09.2022 ж., ДС-456, 01.12.2023 ж.).

2025 жылғы 20 ақпанда «Қазақмыс» корпорациясының кенішінде болған қайғылы апаттан кейін бұл мәселе қайтадан депутаттық сауалда көтеріліп, қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және төтенше жағдайларда жедел әрекет ету үшін тұрақты байланысты қамтамасыз ету қажеттігіне ерекше назар аударылды. Біз шахталарда және басқа да шалғай өндірістік нысандарда Starlink спутниктік байланысын пайдалануға мүмкіндік беруді сұрадық.

Цифрлық даму министрлігінің жауаптарында мұндай нысандар үшін дәстүрлі телекоммуникациялық инфрақұрылымды салу көбіне экономикалық тұрғыдан тиімсіз екендігі, спутниктік байланыс технологиялары балама тәсіл бола алатыны айтылған. Алайда олардың практикалық енгізілуі әлі де шектеулі күйінде қалып отыр.

Сонымен қатар әлемде Direct-to-Cell спутниктік мобильді байланыс техноло-



гиясы қарқынды дамып келеді. Оның ерекшелігі – 4G/LTE арналған кәдімгі смартфондар қосымша құрылғыларсыз және жерүсті базалық станцияларды орнатуды қажет етпей-ақ төмен орбиталық аппараттарға тікелей қосыла алады.

Мұндай жүйеде спутниктер ғарыштағы мобильді базалық станциялар қызметін атқарып, дәстүрлі байланыс инфрақұрылымын салу экономикалық немесе техникалық тұрғыдан қиын болатын ауқымды аумақтарды байланыспен қамтиды. Алғашқы кезеңде бұл технология хабарламалар, координаттар және көмек сигналдарын жіберуге мүмкіндік береді. Қамту аймағы жоқ жағдайда дәл осындай минималды байланыс азаматтарымыздың өмірін сақтап қалуға шешуші фактор болуы мүмкін.

Біз цифрландыруды дамыту ең алдымен азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігін қорғауға қызмет етуі тиіс деп санаймыз. Егер заманауи технологиялар қайғылы жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік берсе, оларды

енгізу барынша жедел жүзеге асырылуы қажет.

Осыған байланысты «Ақ жол» демократиялық партиясы келесі сұрақтарға жауап беруді сұрайды:

1. Елімізде Direct-to-Cell форматындағы жер серігі байланысы технологиялары немесе ұқсас шешімдер сынақтан өтті ме, және олардың нәтижелері қандай?

2. Қазіргі таңда Қазақстанда мұндай технологияларды енгізуге қандай нормативтік немесе техникалық шектеулер кедергі келтіреді?

3. Төтенше жағдайларда азаматтарды минималды байланыспен қамтамасыз ету үшін спутниктік мобильді байланыс шешімдерін іс жүзінде қандай мерзімде енгізуге болады?

Құрметпен,  
«Ақ жол» фракциясының  
депутаттары:  
О.Нұралдинов  
А.Перуашев  
Д.Еспаева  
Е.Барлыбаев  
Қ.Иса  
С.Ерубаев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ О. БЕКТЕНОВКЕ

## «АҚ ЖОЛ» ІРІ МҰНАЙ-ГАЗ КОМПАНИЯЛАРЫНАН АШЫҚТЫҚТЫ ТАЛАП ЕТТІ

да есеп беретін ЖШС нысанында жүзеге асырады. Ал кейбір ірі жер қойнауын пайдаланушылар мүлдем шетелдік юрисдикцияларда немесе АХКО-да тіркелген.

Нәтижесінде, қоғам, соның ішінде Парламент олардың халық меншігі қалай пайдаланып отырғанын объективті бағалау мүмкіндігінен айырылған.

Формалды түрде «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекстің 77-бабы барлық жер қойнауын пайдаланушылар үшін белгілі бір ақпаратты, оның ішінде түпкі бенефициарлар туралы мәліметтерді ашуды көздейді. Алайда, бұл талаптар жүйелілігі, нақтылығы және жариялылығы жағынан «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңда жария компанияларға қойылатын талаптардан әлдеқайда төмен.

Яғни, мәселе ұйымдық-құқықтық нысанда емес, ірі жер қойнауын пайдаланушылар үшін бірыңғай ашықтық стандарттарының болмауында болып отыр.

Осыған байланысты, «Ақ жол» фракциясы ұйымдық

нысанына қарамастан, мұнай-газ және тау-кен металлургиясы салаларындағы барлық ірі компаниялар үшін ақпаратты ашудың бірыңғай талаптарын енгізуді орынды деп санайды.

Бұған қажетті заңнамалық база қазірдің өзінде бар. Кәсіпкерлік кодекстің 24-бабында ірі кәсіпкерлік субъектілерінің өлшемшарттары (3 000 000 АЕК-тен жоғары табыс) нақты айқындалған. Дәл осы өлшемшарт ашықтықтың жоғары стандарттарын қолданудың негізі болуы тиіс.

Халықаралық тәжірибе бұл тәсілдің негізділігін растайды. Шикізаттық экономикасы дамыған Норвегия, Канада, Австралия сияқты елдерде ұлттық ресурстармен жұмыс істейтін компаниялар жоғары деңгейдегі ашықтық пен есептілік жағдайында қызмет етеді, бұл саланың базалық стандарты болып табылады.

Осыған байланысты «Ақ жол» ҚДП депутаттық фракциясы келесіні ұсынады:

1) Жер қойнауының халыққа тиесілі екенін бекіткен Конституция нормаларын іске асыру және пайдаланудың

ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету мақсатында тау-кен металлургиясы және мұнай-газ секторларындағы барлық ірі жер қойнауын пайдаланушылар үшін жария есептілік талаптарын енгізу, оларды ақпаратты жария компанияларға арналған бағалы қағаздар нарығы туралы заңнама талаптарынан төмен емес деңгейде ашуға міндеттеу;

2) Болашақта стратегиялық кен орындары бойынша (тізбесін Үкімет бекітеді) жер қойнауын пайдалану құқықтарын алуға үміткер жана заңды тұлғалар тек акционерлік қоғам нысанында құрылуы тиіс екенін қарастыру. Бұл тәсіл қазіргі инвесторларға әсер етпейді, бірақ ұзақ мерзімді перспективада саланың ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді.

Құрметпен,  
«Ақ жол» фракциясының  
депутаттары:  
Е.Барлыбаев  
А.Перуашев  
Д.Еспаева  
Қ.Иса  
С.Ерубаев  
О.Нұралдинов



«Ақ жол» фракциясы ірі мұнай-газ және тау-металлургиялық компаниялардың есептілігін ашық қылуды талап етеді. Бұл туралы депутаттық сауалды ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» фракциясының мүшесі Ерлан Барлыбаев жеткізді.

Жер қойнауы мемлекеттің стратегиялық ресурсы әрі экономикалық әл-ауқатының негізі болып табылады. Конституцияға сәйкес, жер және оның қойнауы халыққа тиесілі. Бұл қағида 2026 жылғы 15 наурызда өткен референдумда халық қолдаған Жаңа Конституцияда бекітілді.

Осы қағида негізінде мемлекеттің жер қойнауын пайдалану мен одан түсетін қара-

жатқа барынша ашықтық пен қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету міндеті тікелей туындайды.

Алайда, тау-кен металлургиясы және мұнай-газ салаларында құқықтық тұрғыдан парадоксалды жағдай қалыптасқан: пайдалы қазбаларды өндірумен айналысатын компаниялар ұйымдық-құқықтық нысанына (АҚ немесе ЖШС) байланысты ақпараттық ашықтықтың мүлде әртүрлі режимдерінде жұмыс істейді.

Егер акционерлік қоғамдар өздерінің қаржылық-шаруашылық есептілігін қоғам алдында жариялауға міндетті болса, іс жүзінде еліміздің ең ірі жер қойнауын пайдаланушылары өз қызметін тек құрылтайшылары алдын-

Қандастарымыз Қазақстан азаматтығын алуға алдарынан күтпеген тосқауылдарға тап болуда. Этникалық қазақтардан тұрақты тұруға ықтиярхат алу үшін Қазақ тілінен, ел тарихы мен Конституциясынан тест тапсыруды талап етуде. Бұл мәселе бойынша қандастар мәселесімен айналысатын ұйымдар парламентке, менің атыма да жиі хат жазуда. Желілерде де сұрау салуда? Бірден айтарым, Үкіметтің 2026 жылға арналған

Көші-қон жөніндегі жаңа тәртібіндегі қандастардан талап тест тапсыруды талап ету – Заңға қайшы!

Мемлекеттік және ұлттық мүддені қорғаудағы маңызы өте зор бұл ҚР Азаматтығын алу үшін Мемлекеттік тілден, Ел Конституциясы мен тарихынан емтихан тапсыратын талапты 2024 жылы заңға енгізген едік, ол ұсынысты Мәжіліс депутаты Қазыбек Иса, яғни, мен өз қолыммен ұсынғанмын, оны жақсы білесіздер.

Яғни, осы «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы, 14 тармақшасы бойынша этностық қазақтар емтихан тапсырмайтыны айтып жазылған.

Сонда Парламент қабылдап, Президент қол қойған заңды 3 министр бөлінін басып, жоққа шығара салуы қандай масқаралық?!

Сонда 3 министр Парламенттен де, тіпті Президенттен де күшті болып тұр ма?!

Егер өмір бойы шетелде, басқа тіл, басқа алфавитте, араб пен латын графикасы әліпбиінде өмір сүрген қандастарымыздан Қазақ тілінен емтихан алу керек болса, ол үшін ең алдымен өзімізден, осы емтиханды заңсыз талап етіп, елді шулатқан пилоттық жобаны шығарған 3 министр: Ішкі істер министрі, Еңбек министрі, Жасанды интеллект министрінен, Үкімет басшылары мен мүшелерінен, әкімдерден, Қазақстандағы барлық Мемлекеттік қызметкерлерден бастау керек! Сонда әділ болады!

Сондықтан біз Үкіметке жазбаша депутаттық сауал жолдадық. Сабыр сақтаңыздар, бұл мәселе дұрыс шешілуі керек!

Қазыбек ИСА,  
ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты



Қазыбек ИСА:

## АЗАМАТТЫҚ АЛУ ҮШІН ҚАНДАСТАРДАН

# ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН

## ТЕСТ АЛУ ЗАҢСЫЗ!

Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрі  
О. А. Бектеновке

Құрметті Олжас Абайұлы!

Шет елден тарихи Отанына қайтып жатқан этникалық қазақтарға (қандастарға) «Қандас» мәртебесін беру процесінде жасанды кедергілер, атап айтқанда қазақ тілі бойынша емтихан (КАЗТЕСТ) тапсыру талабын енгізген. Бұл талап Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Конституциялық нормаларына қайшы келеді.

Атап айтқанда, 2026 жылғы 16 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің №41, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің №60 және Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің №47 бірлескен бұйрығымен бекітілген:

«Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру» және «Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызметтері бойынша пилоттық жобаны іске қосудың және іске асыру туралы» бұйрық құқықтық талдау нәтижесі көрсеткендей, еліміздің заңнамаларына қайшы келеді.

1. «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Заңы (2025 жылғы 30 маусымдағы № 203-VIII Заңмен өзгертілген):

Заңның 17-бабының 14-тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтығын алу үшін мемлекеттік тілді (қазақ

тілін), Конституция негіздерін және Қазақстан тарихын білу туралы емтихан тапсыру талабы этникалық қазақтарға қолданылмайды. Бұл ереже этникалық қазақтардың азаматтық алу рәсімін жеңілдету мақсатында енгізілген және Заңның үшінші бөлігімен толықтырылған.

Заңнамаларға толықтыру мен өзгерістер жасалғанда ҚР Мәжіліс депутаты Қазыбек Исаның, яғни менің ұсынысыммен енгізілген бұл талапты, 2024 жылы 16 мамырда ҚР Парламенті қабылдап, ҚР Президенті қол қойған № 82-VIII ҚР Заңда бекітілген.

Яғни, Қазақстан Республикасының азаматтығын алу үшін мемлекеттік тілді (қазақ тілін),

Конституция негіздерін және Қазақстан тарихын білу туралы емтихан тапсыру талабы этникалық қазақтарға қолданылмайды.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылы қабылданған 2030 жылға дейінгі Көші-қон саясаты Тұжырымдамасы. Тұжырымдаманың негізгі ережелеріне сәйкес, 2026 жылдан бастап тұрақты тұруға ықтиярхат (рұқсат) алу үшін, соның ішінде этникалық қазақтар үшін қазақ тілі бойынша тест, сауалнама және әңгімелесу енгізілген. Бұл тұжырымдама жоғарыдағы аталмыш Заңға қайшы келеді, өйткені Үкімет қаулысы Заңның күшінен жоғары бола алмайды.

### БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚТЫҢ ЗАҢҒА ҚАЙШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

1. «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру» және «Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту» мемлекеттік қызметтері бойынша пилоттық жоба туралы Бұйрық:

Бұйрықта (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің, Ішкі істер министрінің және басқа министрлердің бірлескен бұйрығы) қазақ тілі бойынша КАЗТЕСТ тестілеуі міндетті деп көрсетілген. Бұл пилоттық жоба 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін

қолданылады және этникалық қазақтарға арналған ерекшеліктерді қарастырмайды, бұл Заңның 17-бабына қайшы.

2. Қандас мәртебесін беруге қатысты ереже:

Ережеде бес кезендік цифрлық бағалау, соның ішінде қазақ тілі бойынша тест (А1 деңгейі) міндетті. Этникалық қазақтарға ерекше жеңілдіктер көрсетілмеген, бұл қандастардың репатриациясын қиындатады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 5-бабының 2-тармағына сәйкес, Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар және Республика аумағында тікелей қолданылады.

Өзге нормативтік құқықтық актілер Конституцияға және заңдарға қайшы келмеуге тиіс. Осы конституциялық қағида нормативтік құқықтық актілер иерархиясын айқындайды, Заң – министрліктердің бұйрықтарынан жоғары тұрады.

3. Қайшылықтың құқықтық мәні

Қалыптасқан құқықтық жағдай келесідей:

\* Заңда – этностық қазақтарға мемлекеттік тілді білу және емтихан тапсыру талабы қолданылмайтыны нақты көрсетілген.

\* Бірлескен бұйрықта – қандас мәртебесін алу барысында қазақ тілінен тестілеу міндеті енгізілген.

\* Нәтижесінде – заңда көзделмеген қосымша міндет жүктеліп отыр.

Бұл – атқарушы органдардың заңда тікелей босатылған тұлғалар санатына қосымша шектеу енгізуі болып табылады.

Мұндай әрекет:

1. Заң нормасын тарылтуға;  
2. Заңда көзделмеген жаңа міндет енгізуге;  
3. Министрліктердің өз құзыретінен шығуына әкеледі.

Нормативтік құқықтық актілер теориясы бойынша ведомстволық акт заң нормасын өзгерте алмайды, кеңейте алмайды және оған қайшы талап белгілей алмайды.

4. Құқықтық баға  
Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып:

\* Бірлескен бұйрық этностық қазақтарға қатысты заңда белгіленген жеңілдікті шектеген;

\* Осы арқылы заңдық реттеудің мазмұнын өзгертіп бұйрыққа қолданған.

Бұл – заңға қайшы реттеу болып табылады.

5. Осы құқықтық талдау қорытындысы:

2026 жылғы 16 ақпанда қабылданған №41, №60 және №47 бірлескен бұйрықтың этностық қазақтардан қазақ тілінен тестілеу талап етуге қатысты нормалары Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы заңының 17-бабының 14) тармақшасының ережелеріне қайшы келеді.

Министрліктер заңда көзделмеген қосымша міндет енгізу арқылы өз құзыреттері шегінен шыққаны дәлелденіп тұр.



Аталған кедергілер Қазақстан Республикасы Конституциясының келесі нормаларына қайшы келеді:

- 5-бап: Қолданыстағы құқық Қазақстан Республикасының Конституциясынан, оған сәйкес заңдардан, Республиканың өзгеде нормативтік құқықтық актілерінен, Республика ратификациялаған халықаралық шарттардан тұрады. Конституция жоғары заңдық күшке ие. Үкімет қаулылары мен бұйрықтар Заңға қайшы келмеуі тиіс. Қазақ тілі емтиханы талабы Заңның (Азаматтық туралы) 17-бабына қайшы, сондықтан Конституциялық күшін жоғалтады.

- 13-бап: Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес алынады және тоқтатылады, ол қандай негізде алынғанына қарамастан, бірыңғай және тең болып табылады. Этникалық қазақтардың Азаматтық алу рәсімі жеңілдетілген, бірақ Үкіметтің пилоттық жобасы бұл теңдікті бұзады.

- 15-бап: Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес, адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Қандастардың Отанына оралу құқығы – адамның табиғи құқығы, оны шектеу, заңсыз кедергілер жасау Конституцияға қайшы.

Тест талабы этникалық қазақтарға репривиант ретінде өз атамекенінің Азаматтығын алуына, кедергі келтіреді. Өйткені шетелдегі қазақтардың көбі қазақ тілін кирилл әрпінде немесе басқа жазу жүйесінде білмейді.

Қандастар – өздерінің тарихи отанына оралған, біздің ұлттық болмысымызды, мәдениетіміз бен тұрмыс-салтымызды, дәстүріміз бен тілдік құбылысымыздың түп тамырын сақтап қалған адамдар, ендеше тест талабы олардың тілдік және мәдени құқықтарын өрескел бұзады.

#### Заңнамалық қорытынды:

Қазақ тілі емтиханы және басқа кедергілер этникалық қазақтардың азаматтық алу құқығын шектейді және заңсыз болып табылады. Бұл талаптар «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңына, Конституцияның 5, 13, 15-баптарына қайшы келеді. Үкімет бұйрықтары Заңға қайшы болмауы тиіс, сондықтан аталған пилоттық жобаға және ережелерге қандастарға байланысты түзету енгізілуі қажет.

#### Осыған байланысты келесіні талап етеміз:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылы қабылданған 2030 жылға дейінгі Көші-қон саясаты Тұжырымдамасы мен «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру» және «Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту» мемлекеттік қызметтері бойынша пилоттық жоба туралы Бұйрықтағы, 2026 жылдан бастап тұрақты тұруға ықтиярхат (рұқсат) алу үшін, соның

ішінде этникалық қазақтар үшін қазақ тілі бойынша тест, сауалнама және әңгімелесу талабы аталмыш Заң мен Конституцияға қайшы келеді. Өйткені бұл кедергілер этникалық қазақтардың азаматтық алу құқығын шектейді және заңсыз болып табылады.

2. Үкімет қаулылары мен министрлер бұйрықтары Заңға қайшы болмауы тиіс, сондықтан аталған Тұжырымдама мен пилоттық жобаға және ережелерге қандастарға байланысты түзету енгізілуі қажет:

- аталған Тұжырымдама мен бірлескен бұйрықтың қандастарға қатысты талабын қайта қарау;
- этностық қазақтарға қатысты тестілеу талабын алып тастау;
- заңға сәйкессіз нормалардың күшін жою мәселесін көтеру ұсынылады.

Қандастардың репатриациясын жеңілдету – мемлекеттік мүдде, оны шектеу ҚР Президенті Қ. Тоқаев ұстанып отырған ұлттық бірлік пен қандастарға қамқорлық жасау саясатына нұқсан келтіреді. Бұл құқықтық мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаттарына қайшы келіп, әлемдік аренада мемлекеттің саяси тұрақтылық имиджіне де нұқсан келтіреді.

Парламентке, біздің атымызға келіп жатқан қандастармен жұмыс істейтін ұйымдардың, соның ішінде, «Elsana Amanat» қоғамдық қоры, «Тұран» қандастарға қызмет көрсету орталығы, «ТАУЕКЕЛ» қоры, Қандастар мәселесі бойынша маман заңгерлер, Әлібек Алмабай, Рахым Айыпұлы, Досымбек Мұратұлы, журналист Қалиакбар Үсемханұлы және т.б. азаматтардан көптеген хаттар түсуде. «Qazaqstan dauiri» газетінде елімізге белгілі журналист, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Мешітбайқызының «Қандастарымыздың оралуына зор тосқауыл қоятын пилоттық жоба қайта қаралуы тиіс!» атты ел тағдырына алаңдаған көлемді мақаласы жарияланды. Әлеуметтік желілерде әлеумет түгел алаңдап, қандастар мәселесінің заңсыз тосқауылға ұшырағаны туралы Үкімет пен Парламент мүшелерін белгілеген жазбалар қаптап жүр.

Бұл хаттарда тестілеу талабының күрделілігі, қаржылық жүктемесі және қандастардың шетелдегі білім жүйесіне байланысты мүмкін еместігі көрсетілген. Бұл талаптар қандастардың тарихи Отанына оралу құқығын шектейді.

Бұл Ұлттық қауіпсіздігіміз бен демографиямыз үшін мемлекеттік маңызы зор мәселені қоғамды шулатпай, заңға сай шешу – Үкіметтің қолында деп білеміз.

Егер бұл ел тағдыры үшін күрделі мәселе әділ шешілмесе, Конституциялық сотқа жүгінетінімізді ескертеміз.

Құрметпен, Қазыбек ИСА,  
ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты

Қазыбек ИСА:

# ҚАЗАҚ ЕЛІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚАШАНҒЫ НӨЛ БОЛАДЫ?!

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛУІ МІНДЕТТІ БОЛУ КЕРЕК!



Бүгін 2026 жылдың 18 наурызында ҚР Парламенті Мәжілісі Жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» «Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бірінші оқылымда қабылданды.

Біз ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары Қазыбек Исаның ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбайға Мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік тілді меңгеруі міндетті болуы туралы төтесінен қойылған өткір сұрағын жариялап отырмыз.

Менің сұрағым Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Медеғалиұлына!

Осыдан екі жыл бұрын 2024 жылы Мемлекеттік тіл жөніндегі ведомствонаралық Үкімет комиссиясында да осы сұрақты қойғанымда мемлекеттік қызметкерлердің саны 89 мың деп айтқансыз. Екі жылдан бері көбейген де болар, мейлі дөңгелектеп 100 мың деп алайық. Бұл 20 миллионнан асатын халықтың 0,5 пайызы. Ал мемлекеттік қызметкерлердің 90 пайыздан астамы қазақтар екенін де өзіңізден естігенбіз. Сонда 100 мыңдай мемлекеттік қызметкердің көп болса 10-15 пайызы ғана мемлекеттік тілді білмейді деуге болады. Бұл 20 миллионнан асатын халықтың 0,05 пайызы.

Осы 0,05 пайыз мемлекеттік тілді білмейтін мемлекеттік қызметкерлер үшін ғана мемлекеттік қызметкерлерге мемлекеттік тілді міндеттеу қашанғы кейінге шегеріле береді?

Бұл 15 млн демей-ақ қояйық, 15 миллион мемлекет құрушы

қазақ халқына жасалып жатқан тілдік дискриминация емес пе?

- Биыл Тәуелсіздік алғанымызға 35 жыл толады!
- Мемлекеттік қызметке түру үшін Қазтест сынақ алғанда Қазақ тілін білу туралы сұрақтарға 0 ұпай, нөл балл қойылады?!
- Қазақ Елінде Қазақ тілінің - Мемлекеттік тілдің балы қашанғы 0 болады?!
- Қазақ тілін білу деңгейіне қашан баға қойылады?!
- Мемлекеттік қызмет агенттігінің Қазтест талабына мемлекеттік тілдің мүддесін қорғау үшін қашан түзету енгізіледі?!
- Мемлекеттік қызметкердің мемлекеттік тілді білмеуі парадокс қой!

Біз депутат Самат Мұсабай екеуіміз осыған байланысты осы заң жобасына Мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік тілді білуі туралы тиісті норма енгіздік. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Қазақстанның азаматтары мемлекеттік тілді білуі парыз және міндетті» деген тапсырмасын орындау ең алдымен Мемлекеттік қызметкерлердің міндеті емес пе?! Ол үшін алдымен Мемлекеттік тіл туралы заңды қабылдау керек!

**МЕМЛЕКЕТТІК  
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ  
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛУІ  
МІНДЕТТІ!**

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай:

– Рахмет! Алда екінші оқы-

лым бар. Өзіңіз айтқандай осы заң жобасына тиісті норма енгізген екенсіздер. Екінші оқылымға дейін осы Мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік тілді білуі туралы норманы бірге қарастыруға болады. Рахмет.

Қазыбек Исаның сұрағын Мәжіліс депутаты Самат Мұсабай қолдап сөйледі:

– Мемлекеттік тілге қатысты көптеген сұрақтардың пайда болуының себебі бар болып тұр. Осы қаралып отырған заң жобасының Парламент Мәжілісінде презентациясы жасалған жоқ. Яғни, депутаттардың осы заң жобасына берген түзетулері талқыланды, біржақты сіздің агенттік жағынан қабылданбай қалды. Еш талқылаусыз бірінші оқылымға шығарылып отыр. Менікі нақтылау сұрағы. Жаңа Қазыбек Исаның сұрағына байланысты. Сіздің ойыңызды, нақты айтқаныңызды қалап отырмыз. Жалпы мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді міндеттеуге қашан нақты талап қойылады?

Депутат Самат Мұсабайдың нақты сұрағына Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасы Дархан Жазықбай:

– Менің ойымша мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік тілді білуі міндетті! – деп жауап берді

Енді Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының сөзі мен ісінің бірлігін алдағы заң жобасын талқылаудың екінші кезені көрсетеді.

Қазыбек Иса айтқандай, 35 жылдан бері Мемлекеттік қызметкердің мемлекеттік тілді білмей келуі парадокс қой шынында да...

Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ,  
«Қазақ үні»

**Қазақ әдебиеті мен рухани мәдениетінің кеңістігінде өзіндік орны айқын көрінетін көрнекті қаламгердің бірі – Зейнолла Сәнік. Оның шығармашылығы көркем әдебиет аясымен шектелмей, тұтас бір халықтың тарихи жадын, дүниетанымын және мәдени болмысын жүйелеген іргелі құбылыс ретінде бағаланады.**

Әсіресе, Шығыс Түркістандағы қазақтардың өмірі мен тағдырын, салт-дәстүрі мен ауызша тарихын терең зерттеп, оны көркем тілмен өрнектеуі – қаламгердің ұлттық мәдениет алдындағы өлшеусіз еңбегін айқындайды. Жазушының әдеби мұрасы – уақыт пен кеңістіктің шекарасынан асып түсетін рухани шежіре. Оның 15 томдық шығармалар жинағы – жеке автордың еңбегі ғана емес, бір дәуірдің, бір халықтың өмірлік тәжірибесін жинақтаған энциклопедиялық деңгейдегі құндылық. Бұл мұрада көркем проза мен ғылыми зерттеу, тарихи пайым мен этнографиялық дәлдік, әдеби талғам мен ұлттық таным өзара үйлесім тауып, тұтас бір мәдени феномен қалыптастырады. Қаламгердің «Тауқымет», «Сергелден», «Басбай» секілді романдары тарихи шындық пен көркемдік қиялдың терең тоғысуынан туған күрделі туындылар қатарына жатады.

«Басбай» романында нақты тарихи тұлға арқылы бір дәуірдің әлеуметтік-психологиялық келбеті шынайы әрі әсерлі ашылады. Басбай бейнесі – тек жеке адамның тағдыры емес, ол – тұтас қоғамның айнасы. Жазушы кейіпкердің ішкі әлемін, адамдық қасиеттерін, қоғамдық орнын терең суреттей отырып, қазақ қоғамындағы меценаттық



дәстүрді, ағайындық жауапкершілікті және ұлттық бірліктің мәнін көркемдік тұрғыдан зерделейді. Осы арқылы тарихи тұлға оқырман санасында тірі, шыннайы бейнеге айналады. Зейнолла Сәнік шығармашылығының басты ерекшелігі – зерттеушілік зерде мен жазушылық таланттың табиғи үйлесімі.

Ол тарихи тұлғаларды бейнелеуде құрғақ деректерге жүгінбей, сол заманның рухын, халықтың ішкі дүниесін, дүниетанымын негіздерін ашуға ұмтылады. «Қабанбай батыр», «Хан батыр Қабанбай», «Тұғырыл хан» еңбектерінде автор тарихи оқиғаларды тізбелеумен шектелмей, тұлғаның болмысын, оның халық санасындағы орнын терең пайымдайды. Ал «Тұғырыл хан» туындысы – жазушының тарихи тұлғаны кең өркениеттік кеңістікте көрсету шеберлігінің айқын көрінісі. Мұнда Тұғырыл хан бейнесі жеке билеуші

ретінде ғана емес, тұтас бір дәуірдің символы ретінде танылады. Автор хан бейнесі арқылы көшпелі өркениеттің саяси құрылымын, билік табиғатын, тарихи таңдау сәттерін көркем әрі философиялық тереңдікпен бейнелейді. Нәтижесінде шығарма жай тарихи баяндау емес, мағыналық салмағы зор көркем-философиялық еңбек деңгейіне көтеріледі.

Жазушының этнографиялық ізденістері де ерекше мәнге ие. Ол қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, шежіресін жинақтап қана қоймай, олардың әлеуметтік қызметін, тәрбиелік маңызын терең түсіндіреді. Қалам иесінің бишешендер мұрасын жүйелеуі – қазақтың сөз мәдениетін, құқықтық танымын және қоғамдық құрылымын тануға жол ашатын құнды еңбек. Зейнолла Сәнік үшін шешендік сөз – тек әдеби үлгі емес,

ол – халықтың тарихи тәжірибесі мен даналығының көрінісі.

Жазушы шығармаларында ұлттық идея айқын әрі жүйелі көрініс табады. Елдік, ерлік, бірлік, тарихи жады, рухани сабақтастық ұғымдары оның барлық еңбегінің өзегіне айналған. Кейіпкерлері арқылы жеке адамның тағдырын ғана емес, тұтас ұлттың болмысын, оның күресін, үміті мен мұратын бейнелейді. Осы тұрғыдан алғанда, оның туындылары ұлттық өзін-өзі танудың көркем моделі рухани айнасы ретінде қабылданады.

Сонымен қатар оның аудармашылық қызметі де айрықша назар аудартады. Қытай классикасын қазақ тіліне тәржімалау арқылы ол мәдениеттер арасындағы рухани байланысты нығайтып, қазақ оқырманының дүниетанымын көкжиегін кеңейтті. Бұл – қаламгердің тек ұлттық деңгейдегі емес, халықаралық мәдени кеңістіктегі орнын да айқындайтын маңызды қыр. Зейнолла Сәнік шығармашылығы – өткен мен бүгінді, тарих пен қазіргі уақытты, ғылым мен өнерді өзара сабақтастыратын ерекше құбылыс. Оның еңбектері арқылы қазақ халқының рухани әлемі, тарихи тәжірибесі мен мәдени болмысы терең әрі жан-жақты ашылады. Қаламгер қалдырған мұра – уақыт өткен сайын құнын арттыра түсетін рухани қазына. Ол жазған әрбір шығарма – халық жадын жаңғыртып, ұрпақ санасына ұлттық рух пен тарихи сананы сіңіретін өміршең дүние. Сондықтан оның шығармашылығы қазақ әдебиетінің ғана емес, бүкіл ұлттық мәдениеттің алтын қорындағы мәңгілік құндылық болып қала береді.

**Мәдина МӘДІ,  
ҚазҰУ, Журналистика факультеті  
Баспагерлік-редакторлық өнер  
кафедрасының 4 курс студенті  
Жетекшісі: ф.ғ.к. Қоңыр Мухатаева**

## БІЛІМ

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ НЫҒАЙТУ - МЕКТЕП КАБЫРҒАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Ең алдымен, қазақ тілін оқыту – ана тілімізді құрметтеуге тәрбиелеудің негізі. Тіл – ұлттың жаны. Өз тілін терең меңгерген оқушы өз ойын анық жеткізе алады, сауатты жазып, дұрыс сөйлейді. Бұл оның тек оқуында ғана емес, болашақ өмірінде де маңызды рөл атқарады. Тіл арқылы адам қоршаған ортаны таниды, қоғаммен байланыс орнатады.

Ал әдебиет – адамның рухани әлемін байытатын ерекше сала. Көркем шығармаларды оқу барысында оқушылар жақсылық пен жамандықты ажыратуды, адамгершілік құндылықтарды бағалауды үйренеді. Әдеби кейіпкерлердің тағдыры арқылы өмірдің түрлі қырларын түсініп, өз көзқарасын қалыптастырады. Бұл олардың сыни ойлау қабілетін дамытып, ішкі жан дүниесін байытады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің тағы бір маңызды ерекшелігі – оның ұлттық құндылықтарға негізделуі. Сабақ барысында оқушылар халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тарихи мен мәдениеті туралы терең мағлұмат алады. Бұл олардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, елін, жерін құрметтеуге баулиды.

Сонымен қатар, қазіргі білім беру жүйесінде бұл пәнді оқытуда түрлі заманауи әдістер кенінен

**Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ерекшелігі ол – ұлт руханиятының өзегі, халықтың тарихи жадын, мәдени болмысын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Мектеп қабырғасында бұл пәнді оқыту тек білім берумен шектелмей, оқушының тұлғалық қалыптасуына, дүниетанымының кеңеюіне зор ықпал етеді.**

қолданылуға. Интерактивті сабақтар, шығармашылық тапсырмалар, пікірталастар мен жобалық жұмыстар оқушылардың қызығушылығын арттырып, белсенділігін күшейтеді. Нәтижесінде оқушы тек тыңдаушы емес, білім алудың белсенді қатысушысына айналады.

Яғни, қазақ тілі мен әдебиеті пәні – жас ұрпақты жан-жақты дамыған, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, сауатты әрі ойлы азамат етіп тәрбиелеудің маңызды құралы. Бұл пән арқылы оқушы тек білім алып қана қоймай, өмірге қажетті рухани азық жинайды.

Бүгінде оқушылар 5-ші сыныптан бастап, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен аралық бақылау тапсырады. Аталмыш емтиханды өткізу – оқушылардың білім деңгейін анықтаудың ғана емес, олардың тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды кезеңі. Бұл үдеріс білім беру жүйесінде ерекше орын алады. Себебі емтихан арқылы оқушының алған білімі мен дағдылары нақты бағаланады.

Ең алдымен, емтихан оқушылардың қазақ тілін қаншалықты меңгергенін тексеруге мүмкіндік береді. Жазу, оқу, тыңдау және сөйлеу дағдылары кешенді түрде бағаланып, оқушының тілдік деңгейі айқындалады. Бұл мұғалімдерге оқыту сапасын саралап, алдағы жұмыс бағытын дұрыс жоспарлауға көмектеседі.

Сонымен қатар, емтихан оқушыларды жауапкершілікке тәрбиелейді. Белгілі бір нәтижеге жету үшін олар жүйелі түрде дайындалып, өз білімін жетілдіруге ұмтылады. Бұл өз кезегінде еңбекқорлық, табандылық сияқты қасиеттердің қалыптасуына ықпал етеді.

Бұдан бөлек, емтихан нәтижелері білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді. Нәтижелерді талдау арқылы білім беру бағдарламалары жетілдіріліп, оқыту әдістері жаңартылады. Бұл жалпы білім жүйесінің дамуына оң әсерін тигізеді.

Қазақ тілі бойынша емтихан өткізу – оқушы білімін бағалаудың тиімді құралы ғана емес, сонымен

бірге олардың тілдік, тұлғалық және әлеуметтік дамуына ықпал ететін маңызды үдеріс. Сондықтан бұл емтиханның маңызы зор және оны сапалы ұйымдастыру – білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі.

Сонымен қатар, қазақ тілі – ҰБТ-дағы міндетті пәннің бірі. 2026 жылдан бастап Ұлттық бірыңғай тестілеуге «Қазақ тілі» пәнінің міндетті түрде қосылуы білім беру жүйесіндегі маңызды қадам болып табылады. Бұл шара мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру және талапкерлердің тілдік сауаттылығын арттыру мақсатында жүзеге асырылып отыр.

Қазақ тілін ҰБТ-ға қосудағы ең негізгі мақсат – мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту. Қазақ тілі – ел бірлігі мен мәдениетінің айнасы, сондықтан оны ҰБТ-да негізгі пән ретінде бекіту мемлекеттік саясаттың бір бөлігі болып саналады.

Тілдік сауаттылықты арттыру тұрғысынан келетін болсақ, түлектердің мемлекеттік тілді еркін меңгеруін, орфографиялық және

орфоэпиялық нормаларды білуін тексеру арқылы олардың білім сапасын арттыруға ықпал ету.

Білім сапасын бағалау барысында бұрын қазақ тілі нәтижелері жоғары оқу орнына түсуге әсер етпеген болса, ендігі өзгеріс талапкерлердің тілдік дайындығына жоғары жауапкершілік жүктейді. Сондай-ақ, қазақ тіліне қойылған жоғары талап ұлттық бірлестікті қалыптастыруға септігін тигізеді. Жастардың қазақ тілінде сауатты сөйлеуі мен жазуы олардың ұлттық болмысын нығайтуға жол ашады.

Қорытындылай келе, қазақ тілінің ұлттық бірыңғай тестілеудегі рөлінің артуы – білім берудегі ұлттық құндылықтарды алдыңғы орынға шығару және жастарды сауатты мемлекеттік тілді қолданушылар ретінде қалыптастыруға бағытталған маңызды шара болып табылады. Сондықтан да мектепте оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәнін ынта ықыласпен оқуы – мемлекеттік тілді нығайтуға бастаған қадам деп білеміз. Әрбір білім алушы мектептегі пәндердің ең басында анамыздың тілі – қазақ тілі тұратындығын жан жүрегімен ұғынып, оны оқып білуге, терең меңгеруге ерекше ықылас танытуы керек деп білеміз.

**Шолпан ҚОРҒАНБАЕВА,  
Б.Тамабаев атындағы орта мектеп  
КММ-нің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің  
мұғалімі, педагог-сарапшы**

Алматы облысы,  
Қарасай ауданы

\*\*\*

Қазақтың ер-азаматы басқа жарыған күні жарыған. Оған дейінгінің барлығын ит тірлікке есептеген.

Адам болмысынан сапаршы, мүсәпір. Гәп сол сапарды қалай жүріп өтуде.

Артында дұға бағыштайтын адамы қалса өлінің жарығаны.

Артында алақан жайып отыратын ұрпақ ертсе мүсәпірдің жарығаны.

Содан да Алланың есі түзу әбдуі есті ұрпақ сүюге ұмтылған.

Ол заманда баланың тұңы өзінің әке-шешесінің қолына тие бермеген. Солардың інісі іспетті қатарда жүрген. Зияда сондай бала болды.

Айыр шөптейін екі баласының үлкені Мұқатай кішкентайлы болғанда Мұздыбек ақсақал шапанының етегіне сүрінген.

– Мұқатайымның артынан ерді... – деп.

– Абыройымызды арттырды... – деп.

– Иманымызды еселеді... – деп.

Сол тұң немересін тымағына салып алып, отпен аластап, күлмен күлестеп құлағына үш рет:

– Зияда... – деп айқайлап, ат тергенен.

Зияданың араб сөзі екені белгілі. Соған қарамастан оның мағынасын кейінде ғана білдім. Әжемнің пірәдарлығы бар адам еді, сол кісі батасын үнемі:

– Зұлқын болсын зияда, – деп аяқтайтын.

Зияда сөзінің мағынасын білмесек те, оның жаман сөз емесігін ішіміз сезетін. Қазақша айтқанда, ішіміз біліп тұратын. Сөйтсек иман байлығымызды арттыр деп тұр екен ғой.

Балпанақтай болып өсіп келе жатқан ұл кескен теректей сұлап түскенде елдің бәрі түсінген. Тілдің тигенін. Сұқтың өткенін. Әниаш анасы басына ақ салып, қара жамылып, шашын қара ормандай жайғанымен өткенді орнына келтіре алмады.

Шүкір, Зияда тұңы бәрін өзімен алып кеткен жоқ екен. Арты қордалы болып, бірінен соң бірі үш ұл ара үзбей дүниеге қатар келген.

Бұған Мұқатайдың жаны семірген.

Мұның өзі ескі жараның аузын тырнай түскен. Зияда бір бөлек те, бұлар бір бөлек болып тұр. Оларды айыратын көздері

# ШАХТАДА ШЫҢДАЛҒАН ЗИЯДА

**Темірдің оқуын тауысып, Ақшатаудың жеті қат шахтасына түскен.**

**Сол шахта шынықтырды өзін. Басынан сөз асырмады. Бастықпын демеді.**

**Бастықпаған бозөкпелерді түйіп қалатыны болды. Иен далада жатқан Жамбыл кенішін басқарды.**

**Итқияндағы кенішке кім барушы еді. Қағылған-соғылғандар жиналған да.**

**Онда да дес бермеді. Ормандай бұған қазақ пен орыстың бәрін бейімдеп,**

**кеніштің қыр-сырына баулыған.**



еді. Алдыңғысы көзін тіктегенде өзінің де тайып кететіні бар-ды. Зілі бар еді кішкенесінің.

Сол зіл інісі Қарашада болатын. Ол бауырын соғыс жалмады. Сүйегі майдан даласында қалды. Зияда есіне түскенде Қарашаны, Қараша есіне түскен күні есіне Зиядасын алатын. Біреуі түске енсе екеуіне арнап дұға бағыштайтын.

Бәріне уақыт төреші дейді. Сол сөз рас болар. Бәрі ұмытыла бастаған. Үш ұлдың артынан үш қыз ерген. Қырымды болып, ұрымды болып отырғанда қосағы құлақ жегім келеді деп бірнәрсені көңірсіткен. Іші қылып еткен. Бұл білетін Әниашы болса жайдан-жай ондай әңгімені бықсытпайды.

– Ненің құлағы? – деген сасып қалып.

– Мұқыштың қызы қойдың құлағына жерік деп пе едің?

– Енді?..

– Ақбикештің зәрінен емеспіз бе?!

– Ол кісі неменеге жерік болып еді?

– Неге, неге?.. Таза абдырап кеттің ғой. Негесі сол ол кісі қақырдың өтіне жерік болған...

– Сен ше?

– Құлағына...

Сол кезде құлағының шеміршегі шым ете түскен. Бұл не болып қалды дегенде құлағының қозғалып тұрғанын байқаған.

«Бұл бір есті әңгіме болды-ау» деген іштей. Ел ішінде Ақбикеш мамасы Керней бабасын дүниеге

келтіргенде қасқырдың өтіне жерік болған деген әңгіме бар. Кейін сол бабасы мүгіл қазақ баласына Есімханның орда қолын басқарған Көкбөрі Керней деген есіммен мәлім болды. Енді, міне...

Әр жағын ойламауға тырысқан... Бөріге жерік әйелдердің екі дүние арасында жататынын да біледі. Енді соны уайымдай қалсын. Әйеліме жаббар бола көр деп Жаратушысына жалбарынған.

Жаратушысы берді тілегін. Дүниеге балпанақтай ұл келген. Бастысы қосағы аман. Сонан шаранасын қолға алып бұтынан бір, кіндігінен бір, маңдайынан бір иіскеген.

– Көрген түсімнің баянын бергей, – деп.

Сонда жүрегі дір еткен. Өті жарылардай қуанған. Шарана еске Қараша бауырын салып тұр еді.

Ал Қарашаға Зияда тартқан болатын...

Сөйтіп бәрі өзінен өзі шешіле қалған. Басындағы тымағын тізелігіне атып ұрып, баланың құндауын жазып:

– Сенің есімің Зияда! – деп үш рет айқайлаған.

– Көтек, мұнысы несі тағы?! – дегеннен әріге бармаған қосағы.

– Аян берді, – деген сөзін шығын қылғысы келмей.

Қайтып бірнәрсені сұрауға елдің батылы жете қоймаған. Шадыр шалдың тотайын тілінен қаймыққан. Сөз естіп қаламыз ба деп. Дегенмен, кімнің аузына

қақпақ боларсың? Ел ішінде әңгіме желдей ескен.

– Басқа есім құрып қалғандай, – деп.

– Зияда деп қоятындай Зиядасы жүз жасаса игі еді, – деп.

– Өлген баланың атын қоятын болдық қой тірі балаға, – деп.

Бәрін үйде отырып-ақ естіп отырды. Бірақ шам шақырған жоқ.

Сол баласы есті болып өсті.

Сол баласы сесті болып өсті.

Есті болатыны екі айтқызбай құлағына құйып алады.

Сесті болатыны құлағына құйып алғанын ұмытпайды.

Өздігінен ешкімге ұрынбады. Ал өзі кеп ұрынғандардың сазайын тартқызбай жібермейтін. Құрығанда құлағын қыршып алар еді.

Оқуда камшы салдырмады. Еміс-еміс тәртібі ақсап жатыр деген әңгімені естіп қалып жүрді. Сол әңгімені құлағынан асыруға тырысатын. Ауылдың оқуын тауысып, қаланың оқуына ауысқан.

Онда да осы әңгіме оқтын-оқтын естіліп қалатын.

Иә, темірдің оқуын тауысып, Ақшатаудың жетіқат шахтасына түскен.

Сол шахта шынықтырды өзін. Басынан сөз асырмады. Бастықпын демеді. Бастықпаған бозөкпелерді түйіп қалатыны болды.

Иен далада жатқан Жамбыл кенішін басқарды. Итқияндағы кенішке кім барушы еді? Қағылған-соғылғандар жиналған да.

Онда да дес бермеді. Ормандай бұған қазақ пен орыстың бәрін бейімдеп, кеніштің қыр-сырына баулыған.

Іскерлігімен. Тиянақтылығымен. Ұйымдастырушылық қабілетінің күштілігімен.

Қыбырлаған өзектінің бәрін шахта жұмысына салған.

Нарық келіп, кейін бәрі қозының басындай ылжырасын. Қазақ баласы өнеркәсіпке жолай алмай, жерасты байлығы шетелдіктердің қолына өтіп жатты. Қасқырдың өтінен жаралғандығы осы жолы көрінген. Елдің бәрі шведке малай болып жүргенде, бес-алты қазақ баласы бастарын түйістіріп өздері кәсіп ашқан. Сол кәсіптері ақыры өздеріне нәсіп болды. Өздері ғана жырғалып қалмай, қазақ баласына ауылдан ұзап нан тауып жеуіне себеп болған.

Осыдан жүз жыл бұрын қазақ даласын орыс алпауыттары шарлаған. Кен іздеп... Бүгінде өздері шарқ ұрып жүр. Кен іздеп...

Таусылмайтын нәрсе жоқ. Қаныш ғұлама Жезқазғанның байлығы жүз жылға жетеді деген. Кәрістер келіп, соны айналдырған жиырма жылда тауысты.

Өздемір болса келер ұрпаққа да бірнәрсені қалсын деп жарғақ құлақтары жастыққа тимеуде.

Бүгін Керекуде жүрсе, ертенінде Таразда шапқылап жүреді. Ауызашарын Алматыда ішсе, түскілігін Астанада ішіп отырады. Ал кешкілік Қарағандысына оралады...

Ол ешуақытта есімінің қандай себеппен қойылғанын жадынан шығарған емес. Және соған қарай әрекет етуге тырысады.

Өйткені ол аруақтың есімін алып жүр.

Өйткені ол Зияда көкесінің есімін алып жүр.

Аруақтың алқайтыны рас.

Ол қазір ел таныған азамат. Мыңның сөзін сөйлейтін тілмар. Жүзге жұмыс тауып беретін маңғаз.

Қазір де бір тірліктің соңында жүр. Атақты Бодық бабасының басын жаңаламақ. Осыдан біраз уақыт батыр бабасының ерлігін баян қылған кітап та шығарды. Енді соның жалғасындай мазар көтермек.

Бірмойынның өзі бұрылып қарайтындай...

**Төрехан МАЙБАС,  
Қарағанды.**

## МӘДЕНИЕТ

Қазақстан Республикасы Ұлттық мұражайында Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы маңызды кезеңге арналған «Жошы ұлысы – Алтын Орда» экспозициялық залы жұмыс істеп тұр. Салтанатты ашылу ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның қатысуымен өтті.

Залдың басты мақсаты – музейге келушілерге ортағасырлық мемлекеттің тарихы мен мәдениетін көрсету және оның Қазақстан тарихындағы орнын айшықтау. Экспозицияға 200-ге жуық жәдігер қойылған: Олардың басым бөлігі Ұлытау мен Алматы облыстарынан табылған археологиялық қазбалардан алынған. Әр экспонат қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сипатталған. 370 шаршы метрді құрайтын зал үш тақырыптық бөлімнен тұрады:

## «ЖОШЫ ҰЛЫСЫ – АЛТЫН ОРДА» ЗАЛЫНА КЕЛІҢІЗ!



Қала мәдениеті – XIII-XIV ғасырлардағы тұрмыс, саяси құрылым және материалдық мәдениет; тұрмыстық заттар, зергерлік бұйымдар, сирек олжалар. Сүйек пен жібек – Шағатай ұлысы

ақсүйектерінің жібек киімдері мен салтанатты киім үлгілері, алтын және күміс әшекейлер.

Әскери өнер – жауынгерлердің сауыт-саймандары, қару-жарақ сынықтары, Алтын Орданың әскери қуатын көрсететін заттар.

Мемлекеттік құрылымға арналған бөлімде Алтын Орданың басқару жүйесі, билеушілер шежіресі және Қазақ хандығымен тарихи сабақтастық көрсетілген. Сондай-ақ залда Ұлытау өңіріндегі Жошы хан мен Алаша хан кесенелерінің макеттері бар.

Экспозиция заманауи технологиялармен толықтырылған: сандық карталар, фото-видео материалдар, жасанды интеллект негізіндегі мультимедиялық контент және 3D-витриналар арқылы музей қорында жоқ жәдігерлер көрсетіледі. Келушілер Алтын Орда мен Қазақ хандығы туралы қысқаметражды фильмдерді үш тілде тамашалай алады.

«Жошы ұлысы – Алтын Орда» залы Қазақстанның тарихи мұрасын көрсету мен насихаттауда маңызды рөл атқарып, келушілерге ортағасырлық дәуірдің бай мәдениетін танытуға арналған.

Сонау 1926 жылы ақпанның 26-сы мен наурыздың 5-і аралығында Бакуде өткен Бүкілодақтық бірінші Түркология Құрылтайы енді ғана айтыла бастады. Осынау тарихи жиынның стенографиялық есебі бір ғасыр бойы «зынданда» жатып, «бостандыққа» тауда ғана шығарылғанын білдік. Әзірбайжанның көрнекті ғалымдары Низами Джафаров, Махира Гусейнова және Айсель Гарибли осы жазбаны егжей-тегжейлі талдап, түсініктеме жазып, салмақты жинақ даярлайды.

Міне, бұл құнды құжат сондағы әріптес достары арқылы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, қазақтың қара өлеңін әлемдік биікке көтеріп жүрген әйгілі ақын, Түркі дүниесі Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулеттің қолына түседі.

Біз осы кісі ұсынған дүниені ықыластан тәржімалап шықтық. Қарап отырсақ, барлық түркітәлді халықтардың айтулы оқымыстылары, сондай-ақ Стамбул мен Мәскеу, Берлиннің ірі ғалымдары қатысқан жиында Қазақ елінен Ахмет Байтұрсынұлы, Нәзір Төреқұлов, Елдес Омаров, Біләл Сүлеевтер сөз сөйлепті. Жиында, негізінен: латын әліпбиіне (яналиф) көшу, түркі тілдерінің орфографиясы мен терминологиясын біріздендіру, түркі халықтарының тарихы, әдебиеті және мәдениеті тақырыбы қуалады. Құрылтайда Алаш серкелерінің аталмыш сала бойынша азуын айға білеп, даңқы жер жарған небір мақасқаның алдында ересен пайым-парасат, таңғажайып білігі арқылы шоқтығы биік көрінгені тамсаннады. Әсіресе, әліпби ауыстыру «орталықтың» отарлау саясатының бір тармағы екенін тамыршыдай тап басып, ірге бермей, ірі сөйлегені сүйсінтті. Сөйтіп арыстарымыздың басты бәйгеге тігіп, Қазақтың мәңгілік елдігі жолында аянбай айқасқанын көреміз.

Айтқандай-ақ, арада он жылдай өткенде Құрылтайға қатысушылар жаппай дерлік саяси қуғын-сүргінге ұшырайды. Осылайша түркі ұлысының жүз отыз өкілінің үшеуі ғана тірі қалады. Ал қазақ делегациясы түгелдей жойылады. Яғни, әлгі жиын кезінде-ақ тиісті мекеменің «көз-құлақ» қызметкерлері бәрін нысанаға алып, қара тізімге кіргізіп үлгерген екен.

(Айтпақшы, қолдағы фотоайғақ арқылы сол іс-шарада атақты әнші Әміре Қашаубаевтың өнер көрсеткенін байқаймыз).

Төменде дүбірлі жиын барысынан қысқаша түсінік және Ахмет Байтұрсынұлы мен Елдес Омаров лебінің үзіндісі ұсынылып отыр.

Аудармашыдан.



# МӘҢГІЛІКТІҢ МАҚСАТЫ

Әзірбайжанның Орталық Ақару комитетінің төрағасы Сәмед Ағамалыұлы алғашқы салтанатты құрылтайды ашып тұрып: «Жолдастар, іске көшпестен бұрын мен сіздерге алдымен рақымсыз хандық билеушілер мен шалағай феодалдық жүйе, одан орыс самодержавиясы жаныштаған әзірбайжанның тұңғыш рет өз ықтиярымен жеке тағдырын шешуші азат халық ретінде тарихи іс-әрекет арена-сына көтерілгенін мәлімдеуге тиіспін. Орыс пролетарлық революциясы негізінде өз бағытын айқындаудың ұлы ұлттық идеясы жүзеге аса бастады және әзірбайжандар, қазақтар, түркімендер, өзбектер, жалпы, Романов империясының бұрынғы барлық ұсақ ұлттары тіршілік етіп, кең тыныс алып, ой ойлай бастаса — мұның бәрі Ұлы Октябрь Революциясының арқасы. Біз осынау революция көсемдерін, әсіресе, алғашқы кезекте оның кеменгер ұйымдастырушысы Ульянов-Ленин жолдасты еске алмай, бірде-бір тарихи маңызды іске кірісе алмаймыз. Ендеше орындарымыздан тұрып көшбасшы рухына тәу етулеріңізді сұраймын» — деді.

Тұңғыш Түркологиялық құрылтай қоғамдық-саяси және идеологиялық жағынан каншалықты қызу (революциялық!) жағдайда өтсе де, өзінің ғылыми-академиялық, мәдени-ағарту сипатын сақтай білді; әлбетте, баяндамалар мен пікірталас кезінде саяси-идеологиялық көзқарасты ішінара алдыңғы лекке шығарған кейбір тосын эпизодтық сәттер де кездеспей қалған жоқ.

Мұндай сирек байламның бірі Қазан татары Ғ.Шарафтың пікірінен көрінді. Ол араб әліпбиінен бас тартпай, тек оны реформалау туралы лебізін алға тартқан еді. Ғ.Шараф мәселе ғылыми да, идеологиялық көзқарас тұрғысынан да шиеленісе түседі деп ой сабақтады: «Меніңше, шаруалар қолдағы шрифты латын әліпбиімен алмастыруға дұрыс қарайды деп үзілді-кесілді мәлімдеу, жұмсартып айтқанда, ертеректеу айтылған нәрсе және әлі толықтай тексерілмеген

жәйт. Өйткені, біздің шаруалар табының мәдени-экономикалық, тағы басқа тұрғыдан артта қалу себебі, қалай болғанда да, шрифтта немесе өзге идеологиялық қондырмада емес, экономикада, сондай-ақ бұрынғы саяси езіп-жаншуда жатыр. Ал шрифтің жайына келсек, араб әрпін латыншаға ауыстыру, менің мәдениеттанушы, тілші, статистик-экономист ретіндегі есебім бойынша, мәдени және экономикалық тұрғыдан дамуға қызмет етпеуімен қатар біздің алдағы мәдени-экономикалық жылжуымызды кері кетіріп, бірнеше жылға шегереді. Ендеше түркі-татар халықтарының гүлденуіне апаратын өзіміздің түп-түзу келе жатқан жолымыздан тайқып, бір бүйірге қарай бұра тартпайық».

Ғалимдар Шараф пен қазақ Ахмет Байтұрсынұлының «реформаторлық» бағытына қарсы шыққан Сәмед Ағамалыұлы «Шығыстағы революция», анығырағы, өзінің Ленинді алдағаны туралы мәселеге оралған жоқ, алайда халық шығармашылығына жүгініп, «реформаторлардың» шабуылын мысқылмен тойтарды: «Менің ойымша, қазандық ағайындар мен қазақтар біздің әйел элементі қатыстырылмаған театр құруға тырысқандағы әртістеріміздей жағдайды бастан кешіруді. Онда ерлерге әйелше киініп, боянып шығуға тура келген-ді. Алайда, қанша тырысқанмен, сахнада әйел емес, ер адам ойнап жүргені бадырап көрініп тұрды. Бұл, әрине, далбаса әрекет. Мысалы, «Отеллодағы» Дездемонаны былайша қалай елестете аласыз? (Кимылмен күзынтұра, семіз адамның кескінін көрсетеді). Сөз жоқ, сайқымазақ бірдене болып шықты».

Ұйымдастыру комитетінің мүшесі, Академиялық орталықтың төрағасы, қазақтың көрнекті ғартаушысы Ахмет Байтұрсынұлы өз баяндамасында: «Ең алдымен емледен не талап етіледі деп сұрақ қою қажет, — деді. — Дұрыс жазудан тілдің дыбысын сәтті, дәл беруі талап етіледі. Екінші — осы емле оқып-зерттеуге жеңіл болуға тиісті».

Шешен сөйтті де бірден ойын

жалғастырды: «Біреулер емленің әліпбимен байланысуы бар дейді. Екіншілерінін айтуынша, ешбір қатыстылығы жоқ. Шын мәнінде, емле әліпбиімен әліппе жетілмеген жағдайда ғана байланысады. Мысал үшін орыс әліпбиі алайық; орыс әліпбиінде кемшіліктер бар... Егер әліпби аяқталмаған болса, онда осы кемістік, расында да, емлеге әсер етеді; ал әрбір дыбыстың айқын да лайықты белгісі болған жағдайда алфавит толыққанды болып есептеледі; міне, осы таңба ешқашан өзгермесе сөз басқа».

Әлбетте, орыс әліпбиінің, бұдан соң орыс орфографиясының жетілмегендігін орынды немесе орынсыз талқыға салу (бұл жерде екеуінің бәлендей айырмашылығы жоқ!) — түркілер үшін қауіпті кадам (тіпті, осы сөз профессор Л.В.Щербаның аузынан шықса да!).

Өйткені, біріншіден, «революциялық» Ресейді тілдік кемістігі жағынан мінеу жөн емес, екіншіден, бүгін латын әліпбиіне көшкен түркілердің күні ертең кириллица-орыс алфавитіне ауысуға мәжбүр болмауына ешкім кепілдік бере алмайды...

Кириллицаға да, латыншаға да көшуді қолдамайтын А.Б.Байтұрсынұлы түркі орфографиясындағы фонетикалық қағида қорғап, орыс тілін талқылаудың (және жазғырудың) нысанына айналды: «Енді келесі мәселе. Мұнда нені негізге қоямыз? Этимологиялық немесе тарихи бағытты тандаймыз ба, әлде, ақыр аяғында фонетикалық қағида қолға аламыз ба? Өз ойымша, осының ішіндегі емленің ең мінсізі — фонетикалық емле. Дұрыс жазудың өзге ұстанымын қалайтындар оларға мүлде басқа мақсұтпен келетін мұды керек. Емле, әсілі, тілге, тілдің қасиетіне негізделеді. Егер, айталық, этимологиялық қағида қолданатын орыс тілін алсақ, бұл тілдің хаотикалық, анархиялық екенін мойындауымыз қажет, өйткені, екпін ауысса, бір ғана сөз тіпті өзгеше пішінге түседі. Мысалы: «вада», «воды» — екпін өзгеріп еді, алдында «а» дыбысы тұрған жерде «а» пайда болды. Бұл — ең анархиялық, хаотық тіл. Іс барысы осылай өрбісе,

әкімқатанда, этимологиялық қағидаға жүгінгеніміз жөн шығар».

А.Б.Байтұрсынұлының мынандай салыстыруы мейман «Орталық» өкілдерін едәуір шамдандырғаны анық: «Мен өзге тілдерге аса жетік емеспін, айткенмен, өзіміздің қазақ және қырғыз тілдерін жақсы білемін. Бұлар — ең сымбатты тілдер. Мұнда дыбыстық заңдар өте қатал... Егер басқа түркілердің тілі дәл осындай болса, онда негізге дәл сол этимологиялық қағида қабилдау шарт емес... Біз — қазақтардың, фонетикалық жазуды қолданып жүргенімізге бірнеше жыл болды, нәтижеміз — тамаша... Біздің әліпбиімен бір жыл оқығандар орыс мектебінде 4-жылдықты бітіргендермен тең дәрежеде сауатты жазады, ал 4-жылдықты бітірмегендер орыс мектебінің 9-жылдықтан түгескендермен тең деңгейде білікті».

Баяндамашы сондай-ақ кекелеген түркі халықтарының орфографиялық дәстүріне сын айтты: «Кейбір түркі ұлыстары күні бүгінге дейін дәстүрден ажырай алмай келеді. Мәселен, әзірбайжандар мен османдықтар алайық, — бұлар жазудың сол баяғы тарихи ұстанымынан айрылар емес. Олар арабтан ауысқан нәрсенің бәріне, ескілікпен, осы күнге дейін табынады, оны өзгертуді күпірлік деп санайды. Бүйтуге болмайды! Сөйтіп жүріп өздері керітартпа көріп, өзгелерді кінәлайды. Мұны мен дәл осы жерде айтуға тиіспін, себебі, араб әліпбиі үстінар болсақ, көпшілік бізді ескішіл, тоңмойын санайды. Жок, біз «қасиетті» жазудан әлдеқашан қол үзгенбіз».

А.Байтұрсынұлы: қазақ және қырғыз тілдерінің орфографиясындағы халықтық ауызба-ауыз сөзі тәжірибесіне сүйеніп, сырттан енген сөздер фонетикалық қағидаға бағынады деді, сөйтіп төрағаның уақыт тәртібін сақтау туралы ескерту белгісінен кейін ойын былайша түйіндеді: «Көп жәйтті аттап өтуіме тура келеді, жалғыз-ақ айтаатыным — осындағы жолдас Ағамалыұлы мен жолдас Павловичтің құрылтайды ашқан

кездегі сөзіне қарағанда, әліпбидің өзі прогресті тежейді-мыс; ал егер өзге тілдерді алсақ, мәселен, орыс тілі — біздікімен салыстырғанда қытай тілімен бірдей. Мұнда әрбір сөзді ағылшын, неміс немесе француз тілдері сияқты ежіктеп, жаттап отыруға тура келеді; біздің сауатымызбен салғастырғанда бұл — тура қытайша хат тану. Біз тек 24 дыбысты жаттаймыз, ал бұлар сол тілдегінің бәрін ежіктеуге мәжбүр. Әрбір тілде қанша сөз бар — соның бәрінің бейнесін есте сақтауға тиісті. Неге? Өйткені, олардың жазуы бірде-бір дыбысты дұрыс жеткізе алмайды».

Мәскеуден арнайы шақырылған профессор Николай Феофанович Яковлев, әлбетте, Ахмет Байтұрсынұлы баяндамасында қозғалған мәселені назардан тыс қалдыра алмады: «Мұнда әліпбидің орфографиядан бұрын емес, кейін қойылуы, бәлкім, ішінара қате де шығар. Сондықтан жолдас Байтұрсынұлының орыс тіліне тіпті, орыс тіліне ғана емес, француз, неміс және өзге де тілдерге берген бағасын лингвист ретінде қызыға тындадым».

Осындай жартылай байсалды, жартылай кекесін сөзден соң баяндамашы мәселені ғылыми-академиялық тұрғыдан ұғындыруға кірісті: «Мен Байтұрсынұлының терминімен онша келісе қоймаймын, қайткенмен де, тілдерді «хаотық» және «гармониялық» деп бөлуге болмайды, алайда, құбылыс, әрине, негізінен, дұрыс көтерілді. Іс мұнда басқа жолмен түсіндіріледі, мен айтар едім, «дисфонетикалық» және «синфонетикалық» тілдер болады; фонетикалық заңдар толықтай дерлік сақталатын тілдер бар, бұған қоса мұндай заң жиі бұзылатын тілдер де кездеседі. Әмбе оның мәнін, Байтұрсынұлы айтқандай, хаотизмнен «қорлық көрген» тілдердің тарихынан іздеген жөн».

Көрнекті қазақ ағартушысының бірқатар әшкерелеу сипатындағы сөзіне ғылыми мәнерде (әм әдеппен!) жауап қайтаруға тырысқан Н.Ф.Яковлев орыс, сондай-ақ ағылшын, неміс, француз

тілдерінің этимологиялық қағидатты сақтауы сырын биік мәдени деңгейдің жемісі, ал көбінесе фонетикалық ұстанымға негізделген түркі тілдері қазір мұндай дәрежеге жете қойған жоқ деп түсіндірді. Н.Ф.Яковлев сөз сайысын бастаған А.Байтұрсынұлының ілгері шығып: «Өзге тілдердің бай материалын ғасырлар бойы өз болмысына сіңірген мейлінше өркениетті елдердің тілі болады, сондықтан бұлардың төл фонетикалық заңдары басқа халықтардың фонетикалық қағидаларымен мидай араласып кеткен. Міне, осыдан келіп бір сәт «мүртіпсіздік» елес беріп қалады түркі тілдері. Шын мәнінде, ешқандай апалаң-топалаң жоқ. Қазақ тілінің «гармониясы» туралы жолдас Байтұрсынұлының пікірі әбден дұрыс. Қазақ тілі тіл мәдениеті аренасына енді ғана көтеріліп келеді. Ол халықтың жазба тіліне айнала бастады».

Өз сөзін қайшылықты мысқыл сипатында бастап: «Мен – қазақ елінің өкілімін, сондықтан мен де фонетикалық емлені қорғай бастасам, таң қалмаңыздар. Мұнда фонетикалық қағидаттың мәдениеті төмендеуі халықтардың тіліне қолайлылығы айтарлықтай, ал, бұл өркениеті жоғары елдерге жармайды-мыс. Дау жоқ, мәдениет тұрғысында қазақтар түркі халықтары арасында ең артта қалғаны. Әйткенмен, қазақ – тіл мәселесінен алғанда тек грамматика, емле ережелерін жасау, сондай-ақ тілді де дамыту жағынан оқ бойы озық кеткен» – деген Елдес Омаров, негізінен, әлі даму үдерісі аяқталған жоқ деп әдеби тілге қарсы сөйлегенді. Оның айтуынша, қазір халықтық тіл нағыз жетілу үстінде көрінеді: «Этимологиялық емленің құндылығы немесе оның кемшілігі жөнінде айтқым келмейді, алайда татар және өзге түркі тілдерінің дамымай жатқаны жайындағы жағдайды, бәлкім, оларда жазудың біздің тілге қарағанда ертерек пайда болғанымен түсіндіруге болар ма екен. Профессор Жирков айтқандай, зиялы адам арабша немесе французша байырғы араб пен француздан бір де кем түспей сайрай беремін деп масайрап, еркшелене алады. Буржуазиялық масаттануға жол ашатын шарттың бірі – кітап тілі еді. Бірақ осы әдеби тіл бұқара-көпшілікке түсініксіз. Этимологиялық емле – тура осылайша әдеби тілдің халық тілінен ерекшеленуін құптайды».

Москвадан арнайы шақырылған әдебиетші, Қазан татары Ш.Усманов бұдан соң: «Жолдас Байтұрсынұлы өз сөзін айтпастан бұрын қызыл мен реттілік үшін алдын-ала келісіп алуы керек еді. Алайда, оның өз айтуынша, қазақ тілінің төрт терезесінің теңдігі мен кемелділігі сонша, ешбір жана әліпбиге мұқтаждығы жоқ, ескі араб әліпбиін қанағат тұта беретін көрінеді. Мен қазақ тілінің керемет жетістігі жайын біле қоймаймын, дегенмен, Байтұрсынұлы баяндаманы орысша емес, ана тілінде жасағанда – қаншама шет тілінің сөзі қолданылар еді де, сингармонизм заңынан мүлде ада болар еді».

Ұйымдастыру комитетінің мүшесі, Академиялық орталық төрағасы Ахмет Байтұрсынұлы өзінің ойын төмендегі сөзбен бастады: «Менің баяндамам біздің, қазақ ғылымы мен әдебиеті еңбеккерлерінің халық үшін терминология құруды қалай жүргізіп жатқанымыз жайында және, екіншіден, терминология жасауда қандай қағидат ұстанатынымыз жайында болады».

Көрнекті қазақ қайраткері мәдениеттің жан-жақты сипатына тоқтала келіп, әрбір қоғамның дамуындағы мәдени байланыстардың мәнін жоғары бағалады, сөйтіп: «Мәдениет тірі жаратылыстағы табиғи дамудың жалғасы ретінде өзінің өркендеуі үшін қолайлы жағдай талап етеді, – деді. – Міне, өркениетті гүлдендіретін дәл осы шарт Ресей құрамындағы түркі ұлысына бұйырмады. Ал осыдан әлденедей жақсылық сіңіре аламын ба деп үміттенген жалғыз халықтың бұлармен тұрмыс-салт жағынан ешбір жақындығы жоқ көрінеді, онымен де қоймай бұлар үкіметтік билік тұрғысынан үкіметтік бұратана елді орыстандыру, шоқындыру саясатын ұстанатын зорлықшыл жұрт болып шықты. Осыдан келіп ел өкімет пен бүкіл орыс қауымынан, сонымен қатар орыс мәдениетінен түніле бастады, екінші жағынан, діни қысым көріп, Алла-тағалаға сенбеу үрдісінен әбден жерінен кейбір түркі халықтарының мұсылмандық атаулыға құлдық ұра құлауы өз мәдениеті мен әдебиетінің дамуын кейін серпіді».

Көрнекті ойшылдың бұл пайырымы, бұт қарағанда, тақырыптан ауытқандай көрінгенімен, шын мәнінде, талқыланды мәселенің үстінен дөп түсіп жатты. Өйткені, бәрін бұрын, терминология дилігірін халықтар арасындағы мәдени байланыстан бөле-жара қарастыру мүмкін емес. Алайда А.Байтұрсынұлы уәжінен кейбір аңғырттық пен сыңаржақтық та байқалмайды. Айталық, ол: «Қазақтарда дінге табыну үрдісі жоқ, әмбе діни әдебиет бұлардың арасына кең тараған емес, – дейді. – Соның арқасында тіл өзінің табиғи даму бағытынан ешқашан айнымапты».

Әлбетте, «табиғи даму» туралы ұғымның өзі тура осы жағдайда, әсілі, баяндамашының алдында айтқан мәдени прогресс мәнмәтінімен сәйкеспейді. Құрылтайда әлденеше мәрте сөз болғанындай, дәл сол «табиғи даму» кесірінен қазақ тілі, жалпы алғанда, мәдени өркендеу тұрғысында кенже қалған-ды. Алайда ислам ескі наным-сенімге бой алдырған түркі халықтарының рухани дүниесіне қатты ықпал етсе де, ғылым мен білімнің ілгері жылжуына игі әсерін тигізгені рас. Соның нәтижесінде анатoliaлық және әзірбайжандық түркілердің, өзбектер мен Қазан татарларының тілдері терминологиялық сөз қоры жағынан айтарлықтай байыды. Түркі халықтары тәуелсіздік жолына түскен нақ сол (және Бірінші тұркология құрылтайы өтіп жатқан) жылдары, мысалы, Қазақ татарлары мен қазақтардың

арасындағы айырмашылық анық байқалып тұрды.

Биік интеллектісіне қарамастан, біртуар қазақ ағартушысының ойында, жоғарыда айтылғанындай, ішінара солақайлық сезілмей қалмайды. Бұл оның жалпытүркілік мәселелер талқыланған алкалік жиында тек «қазақ бағытының» өкілі ретінде сөйлеуінен-ақ көрініп тұрды. Мысалы, ол қозғалған тақырып барысында: «Өзге түркілердің термин жасау жұмысынан хабарымның аздығына қарай мен қазақтардағы хал-ахуалға ғана қатысты сөйлей аламын; ал басқа ағайындардың терминологиясы жайына, тергінде, тек тиіп-қашып қатысармын» – деп мәлімдеді.

Әрине, бұ кезде (түркітанудың айрықша ғылыми мектебінен өткен профессор Бекир Чобанзадени санамағанда) түркі ағартушыларының көпшілігі бүкіл түркі әлемінің деңгейінде үкім айту мүмкіндігінен ажыраған-ды. Орта ғасырлардың аяғынан Жаңа дәуірдің басына дейін орнығып үлгерген түркі халықтарының (тіл, әдебиет, мәдениет, т.б. жағынан) жіктелуі жекелеген түркі интеллектуалдарының ой-өрісіне ықпалын тигізбей қалған жоқ. Алайда, бұған қарамастан, тіл, әдебиет пен мәдениет тұрғысында тек қазақтың емес, күллі түркі әлемінің ділгірлігі көтеріліп жатқан Бірінші түркітану құрылтайында Ахмет Байтұрсынұлы сынды алып ғұламалар тарылмауға тиіс еді.

А.Байтұрсынұлы: «Бірінғай терминология жасау бағытында біздегі Академиялық Орталық қазыны қаруымен қорғалған тілдің варваризммен бүлінбеуін және белгілі қағидаттардың қатаң сақталуын қадағалайды. Соңғы шешім 1924 жылы маусым айында Орынборда өткен Қазақ ғылыми қызметкерлерінің бірінші құрылтайында мақұлданып, қабылданды» – делі.

Баяндамашы осы ұстанымды ретімен атап көрсетті:

а) Термин үшін белгілі ұғымға мағынасы толықтай сай келетін қазақтың мейлінше тәуір сөзін таңдап алу қажет.

ә) Қазақ тілінен ондай мәндегі лайықты сөз табылмаса, мұны ана тілімізге туыстас тілден алған жөн.

б) Жалпы қолданыстағы әлемдік терминдер қабылданады, бірақ оны қазақ тілінің табиғатына сәйкесетіндей бейімдеп, өзгертіп кіргізу ләзім. Белгілі ұғымды ауыстыра алатындай қосымша қазақша сөз табылған жағдайда қоғам ең жатығын өзі іріктеп алатындай, соның екеуін қатар ұсынған дұрыс. Біз «жалпы қолданыстағы» деп араб тіліндегі сөздерді емес, кең тараған жаңаша еуропалық терминдерді

айттық.

в) Қазақ тілінің болмысына келмейтін барлық бөтен сөз міндетті түрде қазақша сөйлеу мәнеріне сай өзгертіліп енгізілуге тиісті».

А.Байтұрсынұлының терминологияға және түркі тілдерінің тұтастай лексикалық құрамына деген көзқарасы оның өте өзіндік (және өр сипаттағы!) «сараптауынан» көрінді: «Тілімізді варваризмнен сақтайтын ұстанымның арқасында қазір біздің – қазақтардың бірегей ана тілі бар; яғни, тіліміз халықтық және әдеби немесе бұқаралық, я зиялылар тілі деп бөлінбейді. Мұнсыз тіліміз өртенде баспасөзі қалыптасқан өзге түркі тілдерінің кебін кешер еді (баяндамашы бұл жерде баспа материалдарының жоқтығынан немесе аздығынан қазақ тілі кемел тіл деңгейіне көтерілді деп тұр – ред. ескертуі). Анатолиялық түріктер мен әзірбайжан халқының қалай сөйлейтіні маған мәлім. Егер бұлар жазатын тілінде сөйлесе, онда түркіліктен бірдене қалды деу қиын. «Әдеби тіл» деп атап жүрген осындағы түркіліктің үлесі маған түте-түте, жарымжан, небір бөгде сөз жамалған грамматикалық құр сәлдегі тым жұтан көрінеді».

Сегізінші отырыс Оқу-ағарту комиссариаты коллегиясының мүшесі Ғаяз Қисымұлы Максудовтың татарша жасаған баяндамасымен аяқталды.

Халид Саид Хожаевтың түрік тіліндегі пікірінен кейін сөз Ахмет Байтұрсынұлына берілді. Ол: «Егер қолдағы таңба қолайсыздық танытса немесе мүлде жоқ болса, міне, сонда ғана әліпби мәселесін көтеру қисынды. Ал біздің өз әліпбиіміз бар, сол себепті басқасын іздеп әуреге түспейміз» – деп мәлімдеді. Шешен залдағы күлкіге қарамастан, қазақ әліпбиі мен орфографиялық ережелерінің мінсіздігін дәлелдеп тұрып алды. Ол қазақтарда латын әліппесіне көшетіндей қаражаттың да тапшылығын алға тартып: «Әліпбиі нашар жұрт латын таңбасына ауысып жатса, бұл да орынды. Ал осыған бұрын орыс әрпімен жүрген елдің көшуін түсіне алмаймын. Неге десеніңдер, екі әліпби оқытып балалардың миын ашытудың не керегі бар? Мұндайдың қажеті не? Бұл тек екі ең шығын – екі жұмыс. Тіпті, санаға сыймайды. Сондағы қауымға орыс әліппесі мен орыс тілін бәрібір оқуға тура келсе, ол өзге таңбаны игеріп не үшін азаптанады? Ресей одағында тұратын болсаң, қалайда орыс әліппесі мен орыс тілін оқуға міндеттісің».

Ахмет Байтұрсынұлының әрбір іс-әрекетінен оның латын әліпбиін мүлде жаратпайтыны

байқалып тұрды. Сөзінің соңында А.Байтұрсынұлы әзірбайжандықтар мен анатoliaлық түріктерге қарсы сөйлеп: «Біз дәл сіздерге бола өз таңбамызды өзгерте алмаймыз» – деді.

Н.Ф.Яковлев тақырыпты талқылау барысын шола келіп, орыс профессорлары алға тартқан «қағиданың» бәрі қолдау тапқанын атады: «Бұл – өмір шындығына қайшы. Мысалы, қырғыз бен түркіменде қандай жазу бар? Ешқандай да жазуысыз мәдениеті жоқ. Мен мұны дәл бүгінгі тұстағы жалпы хат тану деңгейі мен сауаттылық жайына қатысты айтып тұрмын; бұларда, бәлкім, әдебиет саласы өте бай шығар, алайда дәстүр атаулы үзіліп немесе тоқтап қалуы мүмкін. Егер осы көзқарас тұсынан келсек, онда көптеген түркі халықтарының енді-енді ғана араб жазуын игеруге кіріскенін байқаймыз. Ал осыны ауыстыру міндеті туындаса бұл – іске даусыз төл әдебиеті бар халықтың көзімен қарау деген сөз. Бірақ бұдан осынау әдебиет өзге де ұлыстарда кездеседі деген ой тумайды; оның үстіне жазу-сызу дәстүрі шектеулі немесе ондай мәдениеттен аңа халықтар өз әдебиетін жана ғана пайдалана бастаған елдерге қарағанда бүгінге дейін қазан-татар әдебиетін қолданып келді. Бүкіл Волга бойы Қазан әдебиетін оқып, осыдан кейін барып өзінің ұлттық әдебиетін дамыта бастады».

Бұл – Мәскеу нұсқауымен әліпби құру жобасының ендігі жүзеге асу кезіне өтіп, тіпті, әрау кезеңдерді жою бағытында құйтырқы амал-айла ойластырылып үлгергенін көрсететін-ді. Мұны Н.Ф.Яковлевтің аталмыш жоба авторларының бірі ретінде іс мәнісінің бүге-шігесін, ешбір қысылып-қымтырылмастан, ашық айта бастауынан-ақ байқауға болатын: «Таяу аралықта біз түркі халықтарының аумағында араб, сондай-ақ орыс және латын әліпбиі негізінде оқытатын жеке-жеке орындарға даусыз қол жеткіземіз. Орыс ошағы мұсылмандардан тыс ортада қанат жаяды әмбе біртіндеп латын, араб әліпбиімен алмасып, сол мұсылмандар орналасқан өңірлерге сіңіріле басталды. Бұл онда ішінара өзгертіліп те қойды, келешекте басымдық латын жазуына беріле түседі. Аталған үдеріске ешбір тосқауыл жоқ, ал мұнда тарихи даму жолы басқаша болуға тиісті деген күбір-жыбырды ести қоймадық. Таяу маңда латын әліпбиі енгізілетін түркі аймақтары нақты белгіленді. Олар – Қырғызстан, Түркіменстан және Башқұртстан».

Осынау міндеттің тағы бір қырына тоқталған бас баяндамашы: «Жолдас Байтұрсынұлының қарсылығына келсек, әлбетте, ол бізде латын әліпбиін қабылдайтындай күш те, қаражат та жоқ деген салмақты қисынды алға тартты, – делі. – Бұл, расында, мәселенің санасуға тура келетін нақты көрінісі. Алайда өзім мұндай тығырықтан шығудың жолы бар дер едім – күш пен қаржы болмаса табайық та мұны: ақшаны да іздейік, күшті де ұйымдастырайық».

Осылайша ол Мәскеудің ырқымен әліпби құру жобасының төркиялық қана емес, нақты іс жүзінде дәйектелгенін тағы бір мәрте баса ескертті.

Кітапты қазақшалаған  
Құлтолеу МҰҚАШ.



**Комплексный подход – основа развития отрасли**

По итогам 2025 года отмечается, что обрабатывающая промышленность сохраняет положительную динамику, оставаясь одним из ключевых секторов экономики: доля обрабатывающего сектора в структуре ВВП достигла 12,7-13%, доля горнодобывающей отрасли за тот же период сократилась до 11,9-12%.

По данным Министерства промышленности и строительства, «особенно высокую динамику показывает машиностроение. Производство автотранспортных средств увеличилось на 17,5%, сельскохозяйственной техники на 18,1%, электрического оборудования – на 16%, а выпуск компьютерной и электронной техники вырос в полтора раза».

Это смещение акцентов и изменения по вкладу в ВВП произошли не за один год – эта тенденция началась с 2020 года, когда уже был заметен вклад обрабатывающей промышленности в рост экономики по итогам 2020-2021 годов.

Основной вклад в рост обработки внесли металлургия (черная и цветная), машиностроение, химическая промышленность и производство строительных материалов.

По итогам 2025 года машиностроительная отрасль Казахстана продемонстрировала заметный рост, а объем производства составил 5,7 трлн тенге, подтверждая роль ключевого сектора обрабатывающей промышленности. При этом драйвером рекордного роста выступает автомобилестроение, где объем выпуска превысил 2,3 трлн тенге с производством 171,1 тысяч единиц техники.

Это феноменальное развитие машиностроения Казахстана стало результатом комплексной государственной политики, прежде всего, реализация программ индустриально-инновационного развития (с 2009 года) и Комплексного плана развития машиностроения до 2028 года. Кроме этого, ключевыми факторами успеха являются структурные реформы, привлечение инвестиций, создание СЭЗ и грамотная, продуманная стратегия развития отрасли, ориентированная на локализацию, поддержку экспорта и создание полного цикла производства, импортозамещение и технологический прогресс.

Этому процессу также способствовали несколько его важных составляющих: переход от простой крупноузловой сборки к созданию полноценных производственных циклов (особенно в автопроме) и сельхозмашиностроении), льготное автокредитование, лизинг и налоговые преференции для производителей, развитие экспортного потенциала – выход на рынки соседних стран, что подтверждает конкурентоспособность продукции, создание индустриальных зон, где бизнес получает готовую площадку для старта, и др.

В итоге отрасль перестала быть «сырьевым придатком» и начала генерировать высокую добавленную стоимость. Например, в 2025 году в Казахстане начали выпускать более десяти новых видов продукции, ранее не производившихся в стране. Среди них – элементы локомотивов, детали турбин, мембранные элементы для очистки воды, медицинские глюкометры и картонная упаковка для жидких продуктов Pure-Pak, производство которой позволит полностью заменить импорт.

**В** последние годы в Казахстане металлургия, машиностроение и нефтепереработка становятся основными драйверами роста экономики, снижая зависимость от экспорта сырья. В 2024 году, официально заявлено, что обрабатывающая промышленность впервые опередила добывающую по вкладу в ВВП, что свидетельствует об увеличении доли высокотехнологичных производств. Это событие стало основным индикатором диверсификации экономики страны.



# ФЕНОМЕНЫ

## КОМПЛЕКСНОГО РАЗВИТИЯ МАШИНОСТРОЕНИЯ КАЗАХСТАНА



Также в стране планируется наладить выпуск новых видов техники и промышленной продукции – самосвалов, автогрейдеров, фронтальных погрузчиков, трансформаторов для возобновляемой энергетики, а также производство водорода и сульфата натрия.

К тому же Союзом машиностроителей Казахстана проводится ежегодное важное и значимое мероприятие для развития отрасли, объединяющее представителей государства, бизнеса и экспертов, – Форум машиностроителей Казахстана. Это дискуссионная площадка для специалистов разных отраслей машиностроения, министерств, госорганов, аналитиков, экономистов, политиков для решения актуальных вопросов отрасли.

Форум машиностроителей – это в первую очередь рабочая площадка для развития кооперационных связей. Здесь находят друг друга потенциальные партнеры и составляют соглашения. Это своего рода ярмарка промышленных предприятий, где компании находят поставщиков, смежников и партнеров, с которыми им удобнее выходить на различные рынки.

Участники обсуждают проблемы, выявляют пути развития, определяют стратегические направления по импортозамещению и повышению экспортного потенциала, вопросы законодательного характера, конкурентоспособности казахстанского машиностроения на внутреннем и внешнем рынках и т.д. Самое

главное, «на месте» и «сразу» с участием специалистов профильных ведомств можно решить многие системные проблемы и выработать стратегические рекомендации для развития отечественного производства.

На основе такого коллективного и научного подхода форми-



руется концептуальное видение отрасли и определяются шаги по реализации Комплексного плана развития машиностроения.

### Экспортный потенциал машиностроения

В целом машиностроение стало одной из самых быстрорастущих отраслей обрабатывающей промышленности, увеличив ее общий объем на 5,9%.

И это закономерный результат комплексной и продуктивной работы в машиностроительной отрасли Казахстана последних лет. В итоге доля машиностроения в обрабатывающей промышленности достигла 19%, увеличился запуск новых заводов и расширение мощностей: в 2025 году запущено 33 новых промышленных объ-

екта. Среди знаковых проектов – мультибрендовый завод в Алматы (Chery, Haval, Changan) и предприятие Kia Qazaqstan в Костанаяе.

К тому же в 2024-2025 годах Казахстан успешно развивал экспорт продукции машиностроения. Например, локомотивы (электровозы и тепловозы) производятся с учетом высоких стандартов и экспортируются в страны СНГ, при этом ключевыми партнерами остаются Россия, Таджикистан, Азербайджан, Туркменистан, а также перспективными направлениями являются Кыргызстан и Беларусь. С 2024 года начат экспорт тепловозов в Монголию, а в 2026 году Казахстан планирует поставить 600 электроавтобусов в Пакистан на сумму \$108 млн.

Тепловозы серии Evolution (ТЭ33А) от АО «Локомотив құрастыру зауыты» (100% Wabtec) и электровозы от ТОО «Электровоз құрастыру зауыты» (Alstom) являются ключевыми продуктами железнодорожного машиностроения Казахстана.

Аккумуляторы (бренд Vars и другие) давно стали визитной карточкой Талдыкоргана, занимая прочные позиции не только в ближнем зарубежье, но и на рынках ЕС и Ближнего Востока – они занимают значительную долю рынка СНГ и успешно конкурируют в Европе благодаря автоматизации производства. Аккумуляторы Vars (производитель ТОО «Кайнар-АКБ») в 2024-2025 годах активно экспортировались в страны СНГ (Россия, Беларусь, Кыргызстан, Таджикистан, Узбекистан), Китай, ОАЭ, страны Евросты (Германия, Польша) и некоторые страны Африки.

В области IT и автоматизации в этом направлении тоже имеется хорошая база: экспорт систем управления движением и светофорных объектов показывает потенциал наших инженеров в создании Smart City решений для зарубежных мегаполисов. Казахстан экспортирует системы управления дорожным движением (АСУДД) и светофорные объекты преимущественно в страны Центральной Азии (Узбекистан, Кыргызстан, Таджикистан), а также осуществляет поставки в Россию. Продукция, включая «умные» светофоры и программное обеспечение, ориентирована на модернизацию транспортной инфраструктуры в рамках ЕАЭС и регионального сотрудничества.

Казахстан также начал экспортировать интеллектуальные системы управления (ИТ-продукты) в более дальние страны, такие как ОАЭ, Саудовская Аравия и Сингапур, что может включать программное обеспечение для «умных городов».

На фоне роста внутреннего производства и высокого спроса отечественные авто считаются перспективными из-за меньшей зависимости от цен на импорт, поэтому ведутся переговоры с ЕС. Для этого заводы переходят на мелкоузловую сборку (CKD), которая включает сварку и окраску кузовов, что критически важно для соответствия международным стандартам. Заводы планируют достичь 100% уровня сварки и окраски для всех легковых моделей, что позволит официально присваивать им статус «сделано в Казахстане» для беспопыльной торговли.

К тому же в 2026 году ожидается запуск или выход на полную мощность мультибрендового завода Astana Motors Manufacturing Kazakhstan, который будет выпускать до 90 тысяч авто марок





Chery, Haval и Changan ежегодно специально с прицелом на экспорт.

Такая диверсификация делает страну менее зависимой от цен на сырье и создает рабочие места в высокотехнологичных секторах.

Переориентация экспорта казахстанских автомобилей на страны Европейского союза и государства Центральной Азии связано с резким снижением поставок в Россию (в 3,5 раза к началу 2026 года). Традиционный рынок РФ становится менее доступным из-за повышения утильсбора в России и ответных мер Казахстана, а также с ростом местного производства в РФ.

Основной объем экспорта составляют марки KIA (28%), Hyundai (27%) и Skoda (23%), модели Tucson, Sportage и Kodiaq.

Следует отметить производственный рекорд: по итогам 2025 года автомобильная промышленность Казахстана установила исторический рекорд: произведено 171 144 единицы автотранспорта (+18%), что свидетельствует о высоком спросе. Внутреннее производство продемонстрировало уверенный рост, а суммарный выпуск с учетом смежных производств приблизился к 209 тысячам единиц.

### Проблемы внедрения промышленной робототехники

Машиностроение — высокотехнологичная отрасль. Разработка и производство изделий, таких как локомотивы, трансформаторы, компьютеры или другое оборудование, требуют использования передовых научных знаний и технологий.

Действительно, у нас остро стоит задача технического обновления, модернизации почти половины действующих машиностроительных предприятий, их переоборудования, чтобы они могли выпускать конкурентную продукцию. И для решения этих задач в этом году правительство РК выделяет большие средства на внедрение цифровых технологий, инвестиции и модернизацию производства.

Потому что научные исследования и внедрение новейших технологий обеспечивают конкурентоспособность отечественной машиностроительной отрасли не только на внутреннем рынке, но и создают предпосылки для



модернизации производственных процессов, повышают их эффективность, и переход к наукоемкому производству для Казахстана сейчас критически важен.

Интеграция науки и заводов дает три ключевых преимущества: сложность продукта — те же локомотивы и трансформаторы с цифровым управлением («умное» оборудование) ценятся выше и служат дольше; автоматизация и новые материалы снижают себестоимость, делая наш экспорт привлекательнее. А также — это развитие человеческого капитала: работа с высокими технологиями требует инженеров нового поколения, что тянет за собой реформу образования и науки.

Поэтому в стране активно развивается концепция полной автоматизации в современном производстве, полностью автоматизированных цехов, базирующихся на интеграции робототехники, IoT-сенсоров, ИИ-аналитике и единых цифровых платформах, где роботы выполняют сварку, покраску и обслуживание станков с ЧПУ (числовым программным управлением), «Заводах без людей».

Казахстан уже делает шаги в сторону локализации высокотехнологичных брендов (например, Alstom, Wabtec), но следующим этапом должно стать создание собственных R&D-центров (научно-исследовательских баз).

И отечественное машиностроение переходит от простой сборки к высокотехнологичному производству, демонстрируя стабильный рост по итогам последних лет. Ключевыми факторами качественного скачка стали роботизация, запуск «цифровых заводов» и углубление локализации.

В ТОО «Майами Solar» внедрена система роботизированной сборки солнечных панелей. В скором времени планируется создание предприятия по производству человекоподобных роботов с интеграцией ИИ.

В связи с технологическим обновлением в 2025 году в отрасли

введено 8 новых профессий, требующих компетенций в области робототехники и автоматизации.

Однако в этом направлении пока много вопросов и проблем. Как писал председатель правления ОЮЛ «Союз машиностроителей Казахстана» Мейрам Пшембаев в своей статье «Слышащее государство»: новый импульс для развития отечественного машиностроения в «Казахстанской правде»: «Добиться более высокой производительности к 2029 году можно за счет внедрения промышленных роботов в производство, что наглядно доказывает опыт передовых стран. Например, в Сингапуре на 10 тыс. работников приходится более 1 тыс. промышленных роботов, Южной Кореи — свыше 800, тогда как в Казахстане — лишь 7 роботов. Крайне низкими остаются и темпы внедрения робототехнических комплексов в производство в стране. Так, в 2023 году в Казахстане внедрено лишь 100 робототехнических комплексов, тогда как в Китае — 290 тыс.

29 октября 2024 года на заседании Правительства Премьер-министр Олжас Бектенов поддержал инициативу Союза машиностроителей Казахстана по развитию промышленной роботизации. Министерством цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности совместно с Министерством промышленности и строительства разработана Дорожная карта по развитию робототехники в Казахстане на 2024-2029 годы. Вместе с тем, утвержденная Дорожная карта не предусматривает концептуальных решений, в том числе конкретных вопросов по финансированию внедрения промышленной робототехники.

Для удвоения ВВП к 2029 году Казахстану нужно не просто полагаться на традиционные источники роста, а сделать ставку на развитие высокотехнологичных и цифровых производств, которые могут стать драйверами устойчивого экономического роста.

Этот узел проблем, который должен решаться на самом высоком правительственном уровне, прежде всего, это конкретные вопросы по финансированию внедрения промышленной робототехники.

В то же время на правительственном уровне должны создаваться условия, поощряющие бизнес активно инвестировать в инновации и новые технологии, увеличить роль частных инвестиций в исследования, от сборки до локализации производства и постепенного расширения выпуска. Учитывая рост машиностроения на 12,9% в начале 2026 года, поддержка автоматизации критична для повышения конкурентоспособности и расширения выпуска продукции. Также необходимо субсидирование программ обучения специалистов по работе с современной робототехникой.

Мировой опыт по увеличению объема производства высокотехнологичной продукции и для активного привлечения инвестиций в робототехнику и машиностроение диктует принятие государственных мер — это налоговые льготы (освобождение от налогов на период окупаемости робототехнических комплексов), льготное кредитование, защиту инвестиций, развитие R&D (исследований), субсидии на покупку оборудования и создание СЭЗ для расширения выпуска продукции с высокой добавленной стоимостью.



## КАДРЫ РЕШАЮТ ВСЁ: ИИ, НАУКА И КВАЛИФИКАЦИЯ В МАШИНОСТРОЕНИИ

Машиностроение Казахстана в первом полугодии 2025 года продемонстрировало рекордный рост на 11,1%, обеспеченный автопромом (41,7% объема) и активным развитием локализации. Ключевые драйверы — запуск новых мощностей, включая заводы в Алматы и Костаная, а также производство автокомпонентов, что привлекло свыше 375 млрд тенге инвестиций. Только в производство автомобилей вложили свыше 113,6 млрд тенге для закупки оборудования и создания производств автокомпонентов.

### Искусственный интеллект и машиностроение

В 2023 году председатель правления Союза машиностроителей РК Мейрам Пшембаев на XI Форуме машиностроителей Казахстана обозначил основные задачи развития отрасли: «Тема нашего форума «Машиностроение — драйвер развития новых технологий и инноваций». Все мы знаем, что на сегодняшний день вопрос развития новых технологий, инноваций как никогда актуален. Искусственный интеллект, Чат-ДжиПиТи, промышленная робототехника — это всё наше будущее. Машиностроение является во всем мире драйвером инноваций, создает спрос на цифровизацию и новые техно-

логии». Действительно, развитие наукоемкого машиностроения в Казахстане через внедрение передовых технологий (локомотивы, трансформаторы и др.) критически важно для модернизации производства и конкурентоспособности, повышения общей эффективности производственных процессов. Это повысит эффективность отрасли и обеспечит рост профессионального уровня кадров, позволяя выйти за пределы внутреннего рынка.

К тому же внедрение новейших технологий обеспечивает создание сложного оборудования, что необходимо для усовершенствования, например, железнодорожного и энергетического машиностроения. Не говоря о том, что повышение наукоемкости отрасли стимулирует рост квалификации профессиональных кадров.

